



КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұровты қабылдады.



Президентке бизнес-омбудсменнің 2024 жылы атқарған жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді.

Қанат Нұров кәсіпкерлердің құқығы бұзылуына қатысты келіп түскен 3 275 шағымның 1 759-ы (53,7%) бойынша оң шешім қабылданғанын жеткізді. Соның нәтижесінде 20 миллиард теңгеден астам шығынның алдын алуға мүмкіндік туды. Жалпы, арыз-шағым саны 12 пайызға азайған. Бұл әкімшілік әділет институтының тиімділігін көрсетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында бизнестің дамуын тежейтін басы артық әкімшілік кедергілерді анықтауға және жоюға баса мән берілді.

Сонымен қатар бизнес-омбудсмен кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Кейбір жекелеген жағдаяттар бойынша тиісті реттеуші және құқық қорғау органдарына талап-арыз жолданған.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің құқығын қорғау шараларын одан әрі күшейту маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы Кәсіпкерлікті қорғау стратегиясын жүзеге асыру аясында қордаланған проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТТЫ ЖАҚСАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан инвесторлар қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолоақовты қабылдады.

Президентке Инвесторлар қауымдастығы қызметінің басым бағыттары мен негізгі бастамалары таныстырылды. Бұл ұйым Мемлекет басшысының ақпан айындағы ірі бизнес өкілдерімен кездесуде берген тапсырмасына сай құрылған болатын.

Қауымдастықтың мемлекет пен инвесторлар арасындағы дәнекерлік рөлін көрсететін ауқымды күн тәртібі талқыланды. Ең алдымен шешілуге тиіс міндеттер ретінде экономиканы ырықтандыруға, мемлекеттің бизнеске араласуын азайтуға, мемлекеттік басқару жүйесіне цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге баса мән берілді.

Бұдан бөлек, салық жүйесін жаңғырту, монополияға қарсы саясатты жетілдіру, жекешелендірудің тиімділігін арттыру және мемлекеттік сатып алуды реформалау мәселелері қозғалды.

Болат Ақшолоақов отандық бизнестің ұлттық рейтингін іске қосу жөніндегі ұсынысын жеткізді.

Мемлекет басшысы бұл бастамаларды қолдап, инвестициялық климатты жақсарту және орнықты экономикалық өсімді қамтама-сыз ету тұрғысынан оларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТКЕН ЖӨН

Президент Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі қылмыстық ахуал мен ішкі істер органдары жүзеге асырып жатқан Заң мен тәртіп қағидатының орындалуы туралы баяндалды.

Президент құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмаларының орындалу барысымен танысты.

Министрдің мәліметіне сәйкес, биылғы 7 айда қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде елдегі қылмыс саны 9 мыңға азайған. Адам өлтіру, қарақшылық, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, бұзақылық және тағы басқа негізгі қылмыс түрлерінің төмендеуі байқалады. Бұл істерді ашу деңгейі жақсарып келеді. Ауыр және аса ауыр қылмысқа қатысы бар 146 қылмыстық топ жойылды. Полиция өндірісіндегі барлық қылмыстық іс бойынша азаматтардың 28 миллиард теңгеден астам шығыны өтелді.

Ержан Сәденов қылмыскерлерді іздестіру жұмыстарының нәтижесі туралы баяндады. Есепті кезеңде іздеуде жүрген 956 адам ұсталды, олардың 24-і шетелден Қазақстанға экстрадицияланды. Хабар-ошарсыз кеткен 600 адамның, соның ішінде 125 кәмелетке толмағанның жүрген жері анықталды.

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясында 6 call-орталық жойылды, 67 миллион жалған қоңырау мен 3 мыңнан астам алаяқтық сайт бұғатталды. Алаяқтардың 2,8 миллиард теңгені шығаруына жол берілмеді. 11 тоннадан астам есірткінің айналымға түсуіне тосқауыл қойылып, 19,5 мың есірткі сайты бұғатталды.

Сондай-ақ министр мас күйде жасалатын қылмыстың алдын алу, кадрлық әлеуетті арттыру және қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру шараларына тоқталды.

Кездесу соңында Президент еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті одан әрі арттыруға қатысты бірқатар міндет жүктеді.

ҚАЗАҚСТАН – БЕЙБІТШІЛІК ФОРМУЛАСЫ ЖАҒЫНДА

Президенттің Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай БАҚ-тың сұрауына орай Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің телефон арқылы сөйлесуіне қатысты пікір білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Путиннің телефон арқылы сөйлесуіне Ресей тарапы бастамашы болды. Әңгіме достық әрі өзара сенім сипатында өрбіді.

Тараптар Украина қақтығысын реттеуге ерекше назар аударды. Владимир Путин АҚШ Президенті

Дональд Трамптың арнаулы өкілімен келіссөздер нәтижесі туралы егжей-тегжейлі мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдын ала қол жеткізілген уағдаластықтарды құптап, Қазақстан әуел бастан әскери қимылдарды тоқтатуды көздейтін бейбітшілік формуласын іздеуді жақтағанын атап өтті.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары екіжақты күн тәртібін талқылады.

Қазақстан Президенті биыл қараша айына жоспарланған Мәскеуге мемлекеттік сапарына айрықша мән беретінін айтты. Аталған сапардың мақсаты — стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы ынтымақтастықты жан-жақты кеңейту.

ҚҰРЫЛЫС – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Адамды адам еткен еңбек десек, әлемді өркениетті еткен – құрылыс. Алғашқы пенде үңгірден шығып, отбасы тұратын бастапқы баспананы салу арқылы қазір біз білетін өркениетке нық қадам жасады. Ендеше құрылыс – адамзатты биік мұраттарға жетелеп, жаңа кемелдікке жеткізетін феномен. Бір топ құрылысшы тудырған игілік миллиондарға қызмет етеді. Жаңа құрылыспен бірге тың идеялар, батыл бастамалар, өршіл жобалар өмірге жолдама алады. Мемлекеттің іргесін қалаушы, елдің құт-ырысын еселеуші осы кәсіп иелері 10 тамызда төл мерекелерін атап өтеді.

(Жалғасы 4-бетте)



САЯСАТ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

СЕНАТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ОРНЫҚТЫ СЕРПІНІ

Парламент Сенатының депутаттары Жақып Асанов, Сұлтанбек Мәкежанов, Нұртөре Жүсіп, Алишер Сатвалдиев және Жанна Асанова Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Тәжікстан Республикасы Оли Мажлисінің Маджлиси Милли арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Тұрақты комиссияның үшінші отырысына қатысты.

Іс-шараға қатысушылар сауда-экономикалық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақстандық-тәжікстандық ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелерін талқылады. Көлік, цифрландыру, ғылым мен білім беру салаларындағы өзара іс-қимылға, сондай-ақ туризм мен мәдени байланыстарды нығайтуға ерекше назар аударылды.

Вице-спикер Жақып Асанов өз алғысөзінде Тәжікстанның Қазақстан үшін жақын әрі сенімді серіктес ретіндегі ерекше рөлін атап өтіп, екі халықты байланыстыратын терең тарихи және мәдени байланыстарға тоқталды.

«Тәжікстан — біз үшін тек маңызды стратегиялық әріптес емес, сонымен қатар өте жақын мемлекет және сенімді одақтас. Екі халқымызды ғасырлар қойнауынан бастау алатын достық, ортақ мәдениет пен рухани құндылықтар біріктіреді. Елдеріміз арасында барлық деңгейде тығыз саяси байланыс орнаған, экономикалық ынтымақтастық белсенді дамып келеді, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар нығаюда. Мем-

лекет басшылары белгілеген тығыз өзара іс-қимылдың жоғары деңгейі, сөзсіз, Қазақстан мен Тәжікстанның заң шығару органдары арасындағы қатынастар арқылы да сақталуы тиіс», — деді Жақып Асанов.

Өз кезегінде, тәжік тарапы парламентаралық диалогті екі-жақты қатынастарды дамытудағы маңызды құрал ретінде атап өтті. Маджлиси Милли Маджлиси Оли Төрағасының бірінші орынбасары Ахмадзода Раджаб екі ел арасындағы өзара құрметке, сенімге және өңірлік тұрақтылық пен тату көршілік қағидаттарына негізделген ынтымақтастықтың орнықты серпінін ерекше атап өтті.

Отырыс барысында 2025–2027 жылдарға арналған парламентаралық өзара іс-қимылдың жаңа «Жол картасы» ұсынылды. Бұл құжат екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған нақты іс-шараларды қамтып, заң шығарушы органдар деңгейінде орнықты байланыстардың одан әрі дамуына септігін тигізетін болады.

Мейір ЖАСЫН

ҮКІМЕТ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ ЕРЕКШЕ



Құрылысшы күні қарсаңында Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, мемлекеттік наградалар табыс етті.

2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Президент тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік наградалар жүйесіне алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағы енгізілді.

«Мемлекет басшысы адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы еңбек адамының беделін арттыруды көздейді. Мемлекет басшысы адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек екенін атап көрсетті. Бұл — сіздердің еңбектеріңізді мемлекеттік деңгейде бағалау мен нақты қолдаудың шынайы көрінісі. Үкімет тарапынан алдағы уақытта да отандық құрылыс саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруға, қажетті инфрақұрылымды дамытуға және бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасауға басымдық беріледі. Біз жаңа технологияларды енгізу және кәсіби стандарттарды жетілдіруге жағдай жасауды жалғас-

тырамыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сөз барысында Премьер-Министр елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етудегі құрылыс секторының маңыздылығын атап өтті. Бүгінде Қазақстанның ЖІӨ-дегі саланың үлесі 6%-ға жетеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 19 млн м2 астам, оның ішінде 170 мыңнан астам тұрғын үй нысандары пайдалануға берілді. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында — 120-дан астам мектеп пен балабақша, 30 денсаулық сақтау нысаны салынды. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 2025 жылдың басынан бері 18%-ға өсті.

Президент қойған құрылыс үдерістерін жаңғырту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде цифрлық шешімдерді енгізу, бюрократиялық кедергілерді жою және саланың кадрлық әлеуетін нығайту жөніндегі өзекті тәсілдерді көрсететін жаңа құрылыс кодексі әзірленді.

Жиында марапатталғандардың атынан құрылыс саласының ардагері Қайсар Омаров пен

CAPITAL GROUP ST ЖШС инженері Бауыржан Махан сөз сөйледі. Құрылыс секторының қызметкерлері Мемлекет басшысына олардың еңбегін жоғары бағалап, жұмысшы мамандықтарын дамытуға көңіл бөлгені үшін алғыс білдірді.

«Мереке қарсаңында Мемлекет басшысына «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» атағы қайтадан мемлекеттік наградаға айналғаны үшін зор алғысымды білдіргім келеді. Бұл бізге, құрылысшыларға деген ерекше құрмет», — деп атап өтті «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағымен марапатталған Қайсар Омаров.

«Бүгінгі марапат — ұзақ жылғы еңбектің нәтижесі және құрылыс саласының барлық өкілдері үшін зор құрмет. Біз Мемлекет басшысының құрылыс саласына көрсеткен қолдауына ризашылығымызды білдіріп, шын жүректен алғыс айтамыз. Елімізге бейбітшілік пен тыныштық тілеймін. Құрылысшы күні құтты болсын!», — деп толықтырды CAPITAL GROUP ST ЖШС инженері Бауыржан Махан.

Құрылыс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Олжас Бектенов үздік қызметкерлерге Президент атынан марапаттар табыс етті.

ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ ЗОР

«AMANAT» партиясының хатшысы, партия жанындағы Әйелдер қанаты төрайымы Шолпан Каринова және Ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаментінің директоры Жанар Бектаева Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі бірқатар ірі кәсіпорында қызмет атқаратын әйелдермен кездесті.

2025 жыл жұмысшы мамандықтардың қоғамдағы беделін арттырып, жастар арасында сұранысқа ие мамандықтарды дәріптеу мақсатында «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп танылды. Бұл бағытта «AMANAT» партиясы ұйымдастыруымен бос жұмыс орындары жәрменкелері, тәжірибелік семинарлар, оқытулар мен мемлекет тарапынан ұйымдастырылып отырған түрлі бағдарламаны насихаттау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Орал қаласындағы «Зенит» кеме жасау зауыты, «Жайықжы-

луқаты» АҚ, «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы», «Желаев» нан өнімдері комбинаты, «Кублей» ЖШС, «Орал трансформатор» зауытындағы кәсіби жұмыстарды ерлермен теңдей атқарып жүрген әйелдермен кездесуде Шолпан Таңатқызы партияның Әйелдер қанаты әркез жұмысшыларға қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Іс-шараларда әйелдерге қатысты еңбек қатынастарының заңды жүргізілуі, бала күтіміне байланысты декреттік демалыстан шыққан әйелдерге қатысты әлеуметтік



кепілді сақтау, кәсіпорынның имиджін қалыптастыруда әйелдердің жұмыс көрсеткішін ескеру тақырыптары қозғалды.

— Қазір ірі зауыттарда, кәсіпорындарда, шағын және орта

бизнес субъектілерінде қызмет атқарып жүрген әйелдер саны өсіп келеді. Бұл жерде біз әрқашан кай жерде жұмыс атқармасын, әйелдердің жұмыс уақытында, еңбек өтілінде ескерілуі қажет

тұстар бар екенін нәзік жандыларға жеткізіміз келеді. Заң аясында өз құқықтарын білуге шақырамыз. Сол себепті де әртүрлі бағытта қызмет атқаратын ұйымдарды аралап, өз көзімізбен көріп шықтық. Кей мекемелердегі ұжымдық мәдениеттің жоғары деңгейде қалыптасқанын, қызметкерлерге тегін түскі ас, жұмыс киімдері жеткілікті қамтамасыз етілгенін көріп отырмыз. Ұжымдық шарттардың жоғары деңгейде орындалып жатқанынан да куә болдық, әлеуметтік мәселелердің ескерілуі қажет тұстарға тоқталдық, сонымен қатар әйелдер тарапынан ұсыныстарды да тыңдадық. Алдағы уақытта жұмыс жоспарында аталған мәселелерді қарастыратын боламыз, — деді партия хатшысы Шолпан Каринова.

Зарина КАИРОВА,
«AMANAT» партиясы

БҚО филиалы баспасөз хатшысы

БАҒДАР

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ХАКІМ МҰРАСЫ –
ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

Түркістан облысы Келес ауданының орталығы – Абай елді мекенінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай – ұлттың ұлы ұстазы» атты мерекелік жиын өтіп, онда зиялы қауым мен жергілікті жұртшылық ақын мұрасына тағзым етті. Іс-шара ұлы ойшылдың есімін иеленген аллеяда өтті.

Жиынға Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, журналистика академигі Дулат Әбіш, аудандық аксақалдар кеңесінің төрағасы Лесбек Нұртаев, өңір зиялылары мен тұрғындары, сондай-ақ Шымкент қаласынан арнайы келген қонақтар қатысты.

Мерейтойлық іс-шара Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев жиналған жұртшылықты құттықтап, Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын ұрпаққа таныту – ортақ тарихи жауапкершілік екенін атап өтті. Ол ұлы ойшылдың сөздері мен идеялары заманауи қоғамда да өзектілігін жоғалтпағанына назар аударды.

«Хакім Абай – халқымыздың рухани кемелденуінің теміржолы. Оның ой-толғамдары, адамзат пен адамгершілік жайлы толғаныстары – уақыт сынынан өткен іргелі мұра. Біз үшін ол – тек өткеннің мұрасы емес, келешекке жол сілтер рухани бағдар. Ел бірлігі, тіл тағдыры, ұрпақ тәрбиесі сынды мәңгілік тақырыптарды қозғаған ойшыл. Сондықтан біз ұлы ақынның шығармаларын тек оқып қана қоймай, оның ой-толғамдарын жүреппен сезініп, өмірлік ұстанымға айналдыруымыз қажет. Бүгінгі ұрпақ дана тұлғаның тағылымын бойына сіңіріп өссе, еліміздің ертеңі де жарқын болары сөзсіз», – деді ол.

Сонымен қатар жиында Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, журналистика академигі Дулат Әбіш Абай Құнанбайұлының шығармашылығы бүгінгі ұлттық сана мен қоғамдық ойдың биіктеуіне тың серпін беретінін атап өтті. Ол хакімнің мұрасы – елдікті, әділеттілікті, парасатты қоғамды қалыптастыру жолындағы басты рухани тірек екенін айтты.

«Абай Құнанбайұлы – қазақ ұлтының рухани коды

мен дүниетанымдық негізін қалыптастырған дара тұлға. Оның ой-толғамдары мен адамгершілік қағидаттары бүгінгі күні де қоғамдық сана үшін өзекті. Ақпараттық технологиялар мен жаһандану үдерісі жедел қарқын алып отырған қазіргі кезеңде ұлттық болмысты сақтап қалу – басты міндеттердің бірі. Бұл орайда ұлы ақынның мұрасы – сананы жаңғыртудың, рухты шыңдаудың және құндылықтарды қайта саралаудың нақты үлгісі. Ойшыл ұсынған «Толық адам» тұжырымдамасы – тәрбиенің ғана емес, басқарудың да негізіне айналуға тиіс. Біз бұл дүниетанымды жас ұрпаққа терең әрі жүйелі түрде түсіндіре білсек, рухани тұтастығымыз нығаяды. Абай іліміндегі әділет, білім, еңбек және ар-ождан ұғымдары – қазіргі қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени қатынастардың да негізі. Оның еңбектерінде ұлттың өзін тануы, ішкі тәртібін орнықтыруы мен болашағына бағыт алу тетіктері бар. Сондықтан Абай шығармашылығын насихаттау – тек мәдени іс-шара емес, бұл – ұлттық бірегейлікті нығайтатын маңызды идеологиялық жұмыс. Бұл тұрғыда «AMANAT» партиясы қолға алып отырған «Ұлттық мұра» жобасының маңызы айрықша», – деді Дулат Әбіш.

Шығармашылық қауым өкілдері де мерекелік жиынға атсалысып, Абай Құнанбайұлы институтының құрылуына қолдау білдіру қажет екенін жеткізді. Олар ұлы ойшылдың еңбектерін кеңінен насихаттаудың маңызын айтып, елдік бірлік пен рухани сабақтастық жайлы ойларымен бөлісті.

Іс-шара барысында Келес аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары Абай Құнанбайұлы шығармаларынан концерттік бағдарлама ұсынып, «Торжорға» күйі мен «Көзімнің қарасы» әнін орындады. Ауыл тұрғындары бұл күні ұлт поэзиясының кемеңгеріне құрмет көрсетті, оның тағлымды ойларын жаңа қырынан танытты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен қолға алынған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы еліміздің барлық өңірінде жүйелі түрде жалғасып келеді. Іс-шараға партия мүшелерімен қатар, жастар, еріктілер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен белсенді тұрғындар белсене қатысады.

ЭКОМӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Абай облысы Жарма ауданында өткен тазалық жұмыстары Калбатау ауылдық округінің аумағында жүргізілді. Ауыл ішіндегі ауалар мен қоғамдық орындар күл-қоқыстан тазартылып, нәтижесінде 2,5 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық арнайы техника көмегімен шығарылды.

Ақмола облысы Жақсы ауданында «Таза бейсенбі» акциясы шеңберінде ауыл тұрғындары игі іске жаппай атсалысты. Ер-азаматтар шөп шауып, оны жинап шығарса, әйелдер ағаштарды өктеп, қақпаларды сырлады. Иесіз қалған үйлердің маңы да тазартылып, барлық қоқыс ауыл сыртына жеткізілді.

Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасы ауданында өткен экологиялық акциямен қатар, Казталов ауданында «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы шеңберінде тыл ардагерінің үйінде тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Жастар мен еріктілер ардагердің ауласын ретке келтіріп, қураған шөптерді жұлып, қоршаған ортаны таза ұстауға өз үлестерін қосты.

«Таза бейсенбі» акциясы аясында тек қоршаған орта мен ауылымыздың тазалығын ретке келтіріп қана қоймай, мәдени тарихи жерлерді де басты назарда ұстауымыз керек. Бұл – біздің парызымыз», – деді акцияға қатысқан ауыл тұрғыны Дариға Сейітова.

Алматы қаласы Медеу ауданында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы Есентай өзенінің маңында ұйымдастырылды. Қатысушылар тұрмыстық қалдықтар мен сынған бұтақтарды жинап, табиғи ландшафтты сақтауға назар аударды. Экологиялық іс-шараға мәслихат депутаты, медицина қызметкерлері мен еріктілерден құралған 40-қа жуық адам қатысты. №2 қалалық емхананың ұжымы акцияға апта сайын атсалысып жатқанын жеткізді.

«Бұл бастама – тек санитарлық тазалық емес, ол экологиялық жауапкершілікті арттырып, тұрғындарға табиғатты аялау идеясын жеткізудің бір жолы. Емхана ұжымы апта сайын белсенді түрде қатысып, ұйымшылдықты нығайтып келеді. Мұндай іс-шаралар болашақ ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалыптастырудағы ортақ жауапкершілігімізді жүзеге асыруға сеп болады», – деді №2 қалалық емхананың директоры Тоғжан Сағынышқызы.

Жетісу облысы Ақсу ауданында «Таза бейсенбі» акциясы тұрақты дәстүрге айналған. Бұл жолы 5 тоннадан астам қоқыс жиналып, саябақтар, жол жиектері мен қоғамдық орындар тазартылды. Акцияға 40-тан астам адам қатысты. Аудандық партия филиалының төрағасы «Таза бейсенбі» – экологиялық мәдениетті қалыптастырудың бір жолы екенін атап өтті.

Экоакция Қарағанды облысы Балқаш қаласында да жалғасын тапты. Тазалық жұмыстары көлдің жағалау аумағында өтті. Игі іске студенттер, белсенді жастар, партия мүшелері мен депутаттар қатысты. Бірлескен еңбек нәтижесінде жағалаудың экологиялық жағдайы жақсарды. Партияның аудандық филиалының төрайымы мұндай жұмыстардың маңызы зор екенін атап өтті.

«Мұндай тазарту жұмыстары экологиялық жағдайды жақсартуға ғана емес, адамдарды ортақ мақсатқа біріктіруге ықпал етеді. Бұл – әрбір азаматтың қаламыздың таза әрі жайлы болашағына қосқан үлесі», – деді Балқаш қаласындағы партияның аудандық филиалының төрайымы Енлік Жүкенова.

Қызылорда облысы Сырдария ауданында «Тағзым» және орталық алаңда тазалық жұмыстары жүргізілді. Акцияға партия мүшелерімен қатар,



«Жастар Рухы» Жастар канатының еріктілері мен қоғам белсенділері қатысып, алаңды шөп пен қоқыстан тазартты.

«Осы жылдың өзінде ауданымызда бірнеше экологиялық акциялар мен ағаш отырғызу шаралары ұйымдастырылып, тазалық жұмыстары апта сайын өткізілуде. Біздің әрқайсымыз табиғатқа деген жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Таза ауа, жасыл желек пен таза су – біздің келешегіміз. Осы байлықты сақтап қалу үшін бәріміз қоршаған ортаны қорғауымыз қажет», – деді «Жастар Рухы» Жастар канаты Сырдария аудандық филиалының төрағасы Нұржан Сейтжан.

Павлодар облысында «Таза бейсенбі» акциясы Тереңкөл ауданындағы Ертіс өзенінің жағалауында ұйымдастырылды. Қатысушыларға арнайы қоқыс қаптары мен құралдар беріліп, бірнеше сағат бойы тазалық жұмыстары жүргізілді. Жиналған қоқыс полигонға жеткізілді. Аудандық филиалдың атқарушы хатшысы мұндай шаралардың жастардың өмір салтына айналуы маңызды екенін айтты.

Алматы облысы Қонаев қаласында «Жастар Рухы» белсенділері Абай Құнанбайұлының бюст-ескерткішін жуып, айналасын тазартты. Тарихи нысанға ерекше назар аударылып, оның тұғырына түсірілген жазулар мен бояулар тазартылды.

«Абайдың тас мүсініне тас жүреппен қарауға болмайды. Біреулер тұғырына жазу жазып, бояп кеткен. Бұл – бір адамның емес, бір ұрпақтың деңгейі көрінетін жер. Қолымызға шүбөрек алып, ысқылап, жуып шықтық. Бірақ мәселе бояуда емес. Мәселе – санада», – дейді белсенді Меруерт Тілек.

Сонымен қатар белсенділер қаланың жағалау аймақтары мен жалғызбасты қариялардың ауаларында да тазалық жұмыстарын тұрақты түрде жүріп келеді.

ЖАҢА ЕМХАНА САЛЫНДЫ

«AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында Алматы облысында ауылдық жерлерде 38 жаңа медициналық нысан салынуда. Солардың бірі – Райымбек ауданының Нарынқол ауылында бой көтеріп жатқан 250 адам қабылдайтын заманауи емхана. Жоба шалғайдағы тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруды көздейді.

Облыстық партиялық бақылау комиссиясының мүшелері нысанға барып, құрылыс барысын тексерді. Қазіргі уақытта жұмыстың 70 пайызы аяқталған. Жобаның жалпы құны шамамен 4,4 млрд теңгені құрайды. Емхананы 2025 жылдың қазан айында толық пайдалануға беру жоспарланған.

«Аудандағы фракция мүшелері ғимарат құрылысының сапасы мен уақыты аяқталуын қадағалап отыр. Бұл емхана ашылған соң шалғай ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қолжетімділігі едәуір артады. Мұнда 10 төсек-орындық күндізгі стационар мен көз ауруларын хирургиялық жолмен емдей-



тін офтальмологиялық орталық ашылады», – дейді «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Жакупов.

Айта кетейік, облыс бойынша жоспарланған 38 медициналық нысанның

18-і қазірдің өзінде пайдалануға беріліп, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп жатыр. Қалған нысандардың құрылысы кезең-кезеңімен аяқталып, өңірдегі медицина инфрақұрылымы айтарлықтай жанармақ.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

**ӨРКЕНИЕТТІН
«ҚАРЛЫҒАШТАРЫ»**

Қазақстанда жыл сайын тамыз айының екінші жексенбісінде «Құрылысшылар күні» мерекеленеді. Биыл бұл дата 10 тамызға тұспа-тұс келеді. Сонау 1998 жылы қабылданған Президент Жарлығы осынау кәсіби мейрамның биік мәртебесін куәландырды. Тиісінше, ол мемлекеттің кәсіби мерекелерінің ресми тізбесіне енгізілді. Осы арқылы ел құрылысшылардың абыройлы еңбегіне лайықты құрмет көрсетеді.

Құрылысшылар мейрамы бірінші рет Кеңес кезінде, 1956 жылғы тамызда атап өтілген екен. Сол арқылы Екінші Дүниежүзілік соғыста қираған мемлекетті тез қалпына келтірген құрылысшыларға сый-сияпат жасалды. Құрылысшылар қауымы қарыз болып қалмады — сенімді ерен ерлікке бара-бара екпінді еңбегімен өтеді, елде «құрылыс дүмпуі» басталды. Сол заманда бой көтерген тұрғын үй қоры, біраз индустриялық жоба, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен инфрақұрылым объектілері әлі күнге тәуелсіз Қазақстанға қызмет ету үстінде.

Құрылысшылар егемен Қазақстан Республикасының қалыптасып, нығаюына да өлшеусіз үлес қосты. Жаңа Астананы салды, кеңестік үлгіде қалған өзге қалаларымызды жаңа уақыт пен заманауи сәулетке сай түлетті. Индустрияландыру бағдарламаларын іске асырды, жаңа зауыт-фабрика, теміржол мен автожол, әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандарды ел игілігіне тапсырды. Сөйтіп, мемлекеттің тоқсаныншы жылдардағы тоқырау мен кейін келіп соққан экономикалық-қаржылық дағдарысты еңсеріп, дамудың тұрақты жолына түсуіне ықпал етті.

«Күйзелістен құтылу үшін құрылыс сал» деген бар. Құрылыс саласының еңсе көтеруімен бірге оның соңынан тізбек бойынша өзге өндірістер бой тіктеді, серпінді өсім жолына шықты. Мыңдаған жұмыс орны ашылды. Ең маңыздысы — ауыл мен қалада қарқынды жүрген құрылыс халқымыздың өзіне деген сенімін нығайтып, темірбетондай оптимизм қалыптастырып, жарқын болашаққа қанаттандырды. Проекторлары, дәнекерлеу жарықтары бірыңғай шапақ болып құйылып, түн түнегін тіліп, күндізгідей жарық қылған ауқымды құрылыс алаңдары, Ұлы дала төсінде солқылдата соғылған құрылыстың «балғасы» Қазақ елінің жанаруының, азат Қазақстанның өрлеуінің шынайы рәмізіне айналды.

ЭКОНОМИКА ӨСІМІНІҢ ДРАЙВЕРІ

Ел экономикасының базалық 6 саласының бірі әрі іргелісі саналатын құрылыс секторының даму қарқыны экономиканың жалпы өсімінен әрдайым дерлік жоғары. Мәселен, Қазақстанның ЖІӨ-сі биылғы бірінші жартыжылдықта 6,2%-ға ұлғайды. Ал Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, осы жартыжылдықта құрылыс жұмыстарының көлемі бірден 18,4% артты және 3,3 триллион теңгені құрады.

ҚҰРЫЛЫС — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ



Көрсеткіштің жоғарылауы былтырғы ұқсас мерзімге қарағанда нысандар құрылысы мен жөндеу жұмыстарының 29,2%-ға, тұрғын үйлерді салу көлемінің 15,8%-ға өсуімен байланысты. Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі 2024 жылы 108,1 пайызды құраса, осы жылғы алғашқы жартыжылдық қорытындысында бұл өсім 118,4 пайыздан асты.

— 2025 жылғы қаңтар-маусымда орындалған құрылыс жұмыстары мен қызмет түрлері арасында ең көп үлеске тұрғын емес ғимараттардың құрылысы (22%), автомобиль жолы, теміржол, метро құрылысы (21,8%) және тұрғын үйлер құрылысы (14,2%) ие. Республикада жыл басынан жүзеге асырылған барлық құрылыс жұмысының 92,7%-ын жеке құрылыс компаниялары орындады. Қалған 6,6%-ы — шетелдік ұйымдарға, 0,7%-ы — мемлекеттік ұйымдарға тиесілі, — деп хабарлады ұлттық статистика.

Өңірлік бөліністе Атырау өңірінен басқа республиканың 19 өңірінде құрылыс жұмыстарының көлемі күрт ұлғайды. Салмақты өсім — Ақмола (54,9%), Қостанай (50,6%), Қызылорда (44,5%), Батыс Қазақстан (39,4%), Жетісу (37,1%), Алматы (30,6%), Маңғыстау (29,9%), Солтүстік Қазақстан (26,7%), Түркістан (25,1%), Қарағанды (22,5%), Ақтөбе (21,8%) облыстарының және Алматы (33,6%), Астана (33,6%) және Шымкент (20,2%) қалаларының еншісінде.

— Қазақстанда 2025 жылғы қаңтар-маусымда жалпы алаңы 11 миллион 81,7 мың шаршы метр жаңа объект пайдалануға берілген. Соның ішінде ел игілігіне табысталған тұрғын үйдің ауданы 6,6% артып, 7 миллион 933,4 мың шаршы метрді құрады, — деді статбюро мамандары. Биылғы бірінші жартыжылдықта елде 122 929 оқушыға арналған 111 мектеп, 2 839 орынға арналған 17 балабақша, 1 аурухана және бір ауысымда 1 205 келіп-кетушіге қызмет көрсете алатын 30 амбулатория мен емхана іске қосылған. Осының бәрінде — құрылысшылардың қолтанбасы бар.

ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰРЫЛЫСҚА АРҚА СҮЙЕЙДІ

Бұл — тек басы ғана. Осы абыройлы мамандық иелері өз алдына бұдан да биік міндеттер қойып отыр. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың айтуынша, биыл құрылысшыларды жаппай жұмылдыра отырып, өнеркәсіп, энергетика және көлік салаларында жалпы құны шамамен 1,5 триллион теңге болатын 190 жобаны іске қосу жоспарланған. Бүгінде оның 196 млрд теңге тұратын 47 жобасы іске қосылып, 3 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Ал Инвестициялық штаб аясында жыл басынан республика бойынша жалпы құны шамамен 60 млрд долларды құрайтын 71 инвестиция жоба қаралды. Жобаларды сүйемелдеу Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа арқылы жүзеге асырылады. Платформада жалпы сомасы 77 триллион теңгеден асатын 1 106 жоба тіркелген. Олай болса, құрылысшы жұмыссыз қалмайды, сұраныс тек өсе береді. Вице-премьер биыл тұрғын үй құрылысында ел тарихында бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш орнайтынын мәлімдеді. 2025 жылы 19,2 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

— Президенттің халықты қолжетімді баспанамен қамту тапсырмасын жүзеге асыру аясында биыл тұрғын үй құрылысында рекордтық 19,2 млн шаршы метр баспана қолданысқа берілмек! Алғашқы 6 айда оның 7,9 млн шаршы метрі іске қосылды, — деді Р.Скляр.

Ол Мемлекет басшысы қойған міндет аясында көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында кең ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталды. Бірқатар ірі теміржол жобасы қолға алынды. Мәселен, құрылысшылар «Достық—Мойынты» және «Алматы қаласының айналасына» жобаларын аяқтауға таяды. Олар «Мойынты—Қызылжар», «Дарбаза—Мақтаарал» жобаларын келесі жылы аяқтауға міндеттелді. 2027 жылы «Бақты — Аягөз» те-

міржол жобасы ел игілігіне тапсырылуға тиіс.

— Әуежаздарын дамыту, жүк тасымалы көлемін арттыру мақсатында әуежай инфрақұрылымы жаңғыртылып жатыр. Құрылысшылар Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында әуежай салуды бастады. Автокөлік жолының құрылысы да өрістеді. Онда 12 мың шақырым жол құрылыс және жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Соның 7 мың шақырымын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр, — деді Үкімет басшысының бірінші орынбасары Р.Скляр.

Ал құрылысшылар өз алдына қойылған биік міндеттердің үдесіне шыға алуы үшін жапсарлас салалар оларды қажетті өніммен қамтамасыз ету ауқымын арттырды. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы 6 айында құрылыс материалдарының өндірісінде де серпінді өсім байқалады. Атап айтқанда, цемент өндірісі — 21,8%-ға, құрылысқа арналған бетон бұйымдарын шығару — 13,1%-ға, бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары — 13,1%-ға, құрылыс ерітінділері — 8,5%-ға, плитка-тақталар, кірпіштер және ұқсас бұйымдар шығарылымы 7,5%-ға өсті.

QazIndustry Қазақстандық индустрия және экспорт орталығының мәліметінше, жыл басынан жалпы құны 25,6 миллиард теңге тұратын, құрылыс материалдарын өндіруге бағытталған 11 жоба іске қосылып, 562 тұрақты жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін шамамен 62 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартып, 1,5 мыңға жуық жұмыс орнын ашатын тағы 32 жоба тәмамдалуға тиіс. Мұның сыртында 2026—2028 жылдары іске қосылатын тағы 58 жоба жүзеге асыру сатысында тұрған көрінеді. Бұл да елдегі құрылысқа тың серпін бермек.

ӨСЕМ ДЕГЕН ӨРЕНГЕ САТЫ ҰСЫНДЫ

Өзегіне құт тұнған, бой көтерген жеріне ырыс-береке құятын құрылыс саласы жаңа деңгейге шығып жатыр. Тікелей Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңа Құрылыс кодексінің жобасы әзірленді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің хабарлауынша, онда мысалы, заманауи құрылыстың жер сілкінісіне, табиғи апаттарға төзімділігін күшейтуге де басымдық беріледі. Өйткені әлемде климаттық дағдарыс ушыққан.

«Кодекстегі түзетулер сейсмикалық микрораймақтандыру деректерін, сондай-ақ елді мекендердің бас жоспарлары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу кезінде сел және көшкін қаупі бар учаскелерді

көрсететін карталарды міндетті түрде есепке алуды көздейді. Бұл зілзаладан, табиғи апаттардан болатын залалды азайтуға бағытталған оңтайлы қала құрылысы шешімдерін қабылдауға ықпал етеді және орнықты даму мен қауіпсіздік қағидаттарына сәйкес келеді», — деді министрлік мамандары.

Сектордың тағы бір белесі — республиканың құрылыс саласы жаппай цифрландыру кезеңіне қадам басты. Бүгінде ғимарат, құрылыс пен инженерлік коммуникацияны цифрландыру деңгейі 93%-ға жетті. «Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін» қалыптастыру аясында инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын цифрландыру жұмыстары қарқын алды. 2025 жылы тұрғын саны 5 мыңнан асатын елді мекендердің инженерлік желілерін цифрландыру басталды.

Бұл не береді? Құрылыс министрлігі мамандарының түсіндіруінше, біріншіден, осы аумақтардағы жерасты және жерүсті коммуникацияларына түгендеу жүргізіледі, екіншіден, олардың нақты кеңістіктік орналасуы және негізгі техникалық сипаттамалары дәл айқындалады. Үшіншіден, соның негізінде әрбір қала мен ауылдың цифрлық кадастрлық картасы түзіледі. Бұл карта оларды жүйелі дамытуға, құрылысын бақылауға, нысандарды пайдалануға үйлесімді көзқарас қалыптастыруға негіз болады.

Архитектура, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органдар қала құрылысы кадастрының геопорталы арқылы инженерлік инфрақұрылымға қатысты цифрлық деректерге қол жеткізе алады. Бұл шешімдер қабылдау үдерісінің ашықтығы мен тиімділігін арттырады.

Цифрлық трансформация сондай-ақ ғимараттарды ақпараттық модельдеу (BIM) технологияларын енгізуге жол ашты және жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. BIM әрбір құрылыс объектісінің дәлдігі мен егжей-тегжейі жоғары цифрлық модельдерін құруға мүмкіндік береді. Бұл түрлі тәуекелді азайтуға, мерзімдерді оңтайландыруға және жобаларды іске асыру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ірі қалаларымызда құрылыс компаниялары мен жетекші жобалау ұйымдары қазіргі өзінде BIM-ді іс жүзінде қолданып, оң нәтижеге жетті. Осы арқылы жас мамандар технологиялық салада жаңа мансапты бастаудың бірегей мүмкіндігі мен жаңа перспективасын иеленді. BIM тек инженерлер үшін ғана емес, сонымен қатар IT саласындағы мамандар үшін де құрылысқа есік ашты: салада BIM-модельер, BIM-үйлестіруші, BIM-менеджер, өзге мамандықтар сұранысқа ие. Құрылыс деген тек қара жұмысшы емес.

Құрылыс саласын цифрландыру мәселелеріне тікелей Президенттің назар аударуы трансформациялаудың маңызын көрсетеді. Қазақстанда құрылыстағы цифрлық өзгерістер үшін қолайлы орта қалыптасып жатыр және ол саланың болашағына өз үлесін қосып, кірпіш болып қаланың дамуына деген мамандардың жаңа толқынына жаңа «әлеуметтік лифт» ұсынды.

ӘЛЕУМЕТ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елімізде тікелей Президенттің тапсырмасымен мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ісінде реформа қолға алынды. Халық бірлігін сақтау, саламатты, отаншыл ұрпақ қалыптастыру үшін, әрі саладағы жаһандық трендтер, сондай-ақ ішкі-сыртқы сын-қатерлер аясында ел Үкіметі болашаққа бағдарланған және қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін заманауи, қолжетімді білім беру ортасын құруға күш салмақ. Осы орайда бұрын болмаған тың тетіктер, соны өзгерістер өмірге жолдама алды.

КЕЗЕК 5 ЕСЕ АЗАЙДЫ

Балаларды балабақшамен қамту үшін ваучерлік жүйе енгізілді. Бұған дейін ол пилоттық жоба түрінде сынақтан өтті. Жаңа ваучерлік қаржыландыру тетігі 19 қалада және 7 ауданда іске асырылды. Ол арқылы 300 мыңға жуық бала мектепке дейінгі білімге қол жеткізді. Әрі қарай жүйе біртіндеп бүкіл өңірге таралуға тиіс.

Бұрын балдырғандардың бір ұйымнан екіншісіне ауысуы кезінде бір бала үшін екі балабақшаның мемлекеттен қаржы алу оқиғасы тіркеліпті. Үкіметтің дерегі бойынша, қайталануды болдырмау есебінен бюджеттің 27 миллиардтан астам теңгесі үнемделген. 25 миллиард теңге кезекте тұрған өзге балаларды орналастыруға бағытталыпты.

Мысалға, 2025 жылы наурыздан бастап Семейдегі 73 балабақшада ваучерлік қаржыландыру жүйесі пилоттық жоба ретінде енгізілді. Қазір қаладағы 7 мыңға жуық бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Ал балабақша кезегі 20% азайды. Жүйеге қатысып жатқан «Балдәурен» балабақшасында ваучері бар 320 бала тіркелген екен. Кәсіпкер жана жүйенің оң тұстары барын айтады.

— Бұған дейінгі жылдары қабылдау процесінде ата-аналар түрлі қиындыққа тап болатын. Түрлі мекеме «шабуылдап», табалдырығын тоздыратын. Сондай-ақ бұрын балабақшаға жазылу кезінде электронды кезектің жылжуы ұзаққа созылатын. Мекенжай жағынан теңсіздік туындайтын, қаланың о шетіндегі ата-аналар баласын бұл шетіне тасымалдауға мәжбүрленетін. Орын бөлу жағы да ашық болмады. Ваучерлік жүйе жағдайды түзетті. Енді ата-ана ыңғайлы балабақшаны өзі таңдайды. Қабылдау тәртібі ашық, әділ және қолайлы, — деді балабақша директоры Айгүл Құрманбаева.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне жүгінсек, бүгінде республикада 11,8 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым бар. Оларда 1 миллионнан астам бала тәрбиеленеді. Бұл ұйымдарды кадрлық қамту мәселесі де күн тәртібінде тұр. 12 мыңдай балабақшада 100 мыңға жуық тәрбиеші жұмыс істейді. Мемлекет жыл сайын 3-5 мың тәрбиешінің біліктілігін тегін арттыруды қамтамасыз етіп келеді. Соңғы 6 жылда елде балабақшаны зарыға күткен балақайлардың кезегі бес есе қысқарса, ваучерлік



БАЛАБАҚША ДА БАҚЫЛАУДА БОЛУҒА ТИІС

жүйе енгізілгені бұл көрсеткіш тағы 44% кеміген.

— Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды арттыру жұмыстары жалғасады. Президент тапсырмасына сәйкес жаңа балабақшаларды ашу жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған жоспар кезек-кезеңімен іске асырылып келеді. Биылғы I-ші жартыжылдық қорытындысында елде 13,2 мың орынды қамтитын жаңа 172 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Бұл 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 93,1%-ын балабақшамен қамтуға мүмкіндік ашты, — деп мәлімет берді Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

БАЛАБАҚШАМЕН ҚАШАН 100% ҚАМТЫЛАДЫ?

Ведомствонның дерегіне, бүлдіршіндерді балабақшамен қамту үлесін арттыру үшін шаралар кешені қабылданады. Ол жаңа балабақшалар салуға, қолданыстағысын кеңейтуге, тұрғын үйлердің төменгі қабаттарында шағын орталықтар ашуға, жекеменшік ұйымдарда мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруға, оның ішінде «ақша балаға ереді» қағидатымен ваучерлік қаржыландыруға бағытталған. Бұдан бөлек, осы жылы 260 мемлекеттік балабақшада жөндеу жұмыстары жүргізілді және олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылатын болады.

Жалпы, «саладағы бұрынғы реформалар жаппай жарға жығылды» деп ауызды ку шөппен сүртуге болмас, жетістіктері жетерлік. Мәселен, 2019 жылдан бастап Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру саласында қолжетімділікті, сапаны және ашықтықты арттыруға бағдарланған реформа жүзеге асырылды.

Соның нәтижесінде, 2019 жылы елде 892 мың бала тәрбиеленген 10,5 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істесе, ал 2025 жылы мұндай ұйым саны 1 миллионнан астам баланы қамти отырып, 11,8 мыңға дейін өсті. Бұл ретте мемлекет мейлінше аз баланы қамтитын шағын орталықтардан (мини-центр) алшақтап, материалдық-техникалық базасы бар толыққанды балабақшаларға басымдық беруге көшкен.

Кезекке қатысты мәселеде ілгерілеушілік байқалады. 2019 жылы балабақша кезегінде 446 176 бала

тұрды. 2025 жылғы қаңтарда бұл көрсеткіш 2 жастан 6 жасқа дейінгі 84 мың баланы құраған. Осылайша, алты жыл ішінде кезек күткендер саны шамамен 5 есеге азайды. Бұған мектепке дейінгі мекеме желісін жүйелі түрде өрістетуді, орын бөлудің жаңа тәсілдерін енгізу, ваучерлік қаржыландыру, процесстерді цифрландыру арқылы қол жеткізіліпті.

Бұрын балабақшаға жазылу рәсімі тым күрделі еді: шамадан тыс жүктелген электрондық кезек жиі істен шығып қалатын. Сонымен қатар аумақтық теңгерімсіздік, орындарды бөлудің күмәнді схемалары, сыбайлас жемқорлық, жалған қабылдау және қосып жазу сияқты көптеген мәселе қордаланды.

Бұл проблемалар, әсіресе ірі қалаларда және тез дамып келе

кезең-кезеңімен енгізілетін болады. Негізгі, жоғарыда айтылғандай, қазір 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 93,1%-ы балабақшамен қамтылған. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, Үкімет бұл көрсеткішті 2025 жылдың қорытындысында 95%-ға жеткізуге, ал 2028 жылға қарай — 100% қамтуға тиіс.

Бұл тапсырманы Президент «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде берді. Сөйтіп, еліміз жеткенге тоқтап қалмай, жас ұрпаққа мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында тұрақты ілгерілеуге ниетті. Дәйекті реформа, цифрландыруға иек арту, ваучерлік қаржыланды-



2019 жылы елде 892 мың бала тәрбиеленген 10,5 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істесе, ал 2025 жылы мұндай ұйым саны 1 миллионнан астам баланы қамти отырып, 11,8 мыңға дейін өсті.

жатқан агломерацияларда өткір тұрды. Оқу-ағарту министрлігінің сендіруінше, бүгінде бұл қиындықтар цифрлық сервистердің, балаларды есепке алуды автоматтандырудың және мемлекеттік қызметтер көрсетудің ашық рәсімдерін енгізудің арқасында біртіндеп еңсеріле бастады.

Саланы қаржыландырудың тиімділігін арттырудағы негізгі кадам — ваучерлік жүйені енгізу болды. 2024 жылғы 9 шілдеде, ең алдымен, Тараз қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырудың пилоттық жобасы басталды. Жаңа жүйе ата-аналарға ваучер беруді көздейді. Ол — талапқа сәйкес деп танылған кез келген мемлекеттік немесе жеке балабақшада пайдалануға болатын жеке «сертификат».

Министрліктің мәлімдеуінше, ваучерлік жүйе 2025 жылдың соңына дейін бекітілген кестеге сәйкес бүкіл республика бойынша

руды жаппай енгізу жүйенің тиімділігін әрі отбасылардың қажеттіліктеріне бағдарлануын қамтамасыз етеді деп күтіледі.

ЛИЦЕНЗИЯ — ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛЫ

Реформа аясындағы тағы бір маңызды бетбұрысқа тоқталған жөн. 2025 жылғы 1 шілдеде «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының негізгі баптары күшіне мінді. Құжатқа Мемлекет басшысы 2024 жылғы 30 желтоқсанда қол қойып, сол күні ресми жарияланды.

Әйткенмен, құжаттың бірнеше бабының қолданысқа енгізілетін күні кейінге шегерілді. Соның ішінде 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарын, яғни барлық балабақшаны және шағын орталықтарды лицензиялау енгізіледі.

Бұл бастамаға «өзім би, өзім жожа» жағдайда жұмыс істеп жатқан жекеменшік балабақша қожайындары қарсы шығып, өре түрегелді. Парламентке шағымымен жүгірді, ақпарат құралдарына жүгінді, «Атамекен» палатасы арқылы сөзін өткізбек болды. Бірқатар депутат та наразылық білдірген. Бірақ Парламентте мектепке дейінгі тәрбие мен білімге мемлекеттік бақылауды күшейтуді жақтаушылар бәрібір басым шықты. «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ Жанбыршин Балалардың құқықтарын және оларға білім беру мекемелерінің қызметтерін реттеуді өте маңызды іс санайды.

— Себебі оларда балаларға зорлық-зомбылық көріністерін күнде болмағанымен апта сайын жаңалықтан көріп тұрамыз. Қоғамға белгісіз, «бас жарылса бөрік ішінде» қалатыны қаншама? Бұл тоқтайтын емес. Осыған орай әріптестеріммен бірге мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын лицензиялауды ұсынғанбыз. О баста Үкімет қолдамады. Негізгі уәжі — жаппай лицензияласақ, олар арнайы талаптарға сәйкес болуға міндетті, ал бұл балабақшамен қамту үлесінің төмендеуіне әкеледі. Біз сонда бала құқығын былай ысырып, тек бизнесті қолдауымыз керек пе? Сондықтан бастамамызда табандадық, — деді депутат.

Оның айтуынша, лицензиялаудың енгізілуі мемлекеттік және жеке балабақшаларға талапты күшейтпеді. Қайсысы сапалы білім мен тәрбие беріп жатқаны, балалардың онда не ішіп, не жеп жүргені, балаларының қандай жағдайда, қай жерде бағып-күтілетіні анықдалады. Лицензия болмаған айдан ала хабарландыру тәртібі өзі төл аумағындағы осы салада не болып жатқанынан бейхабар.

Ақыр соңында Парламентте ымыра-компромисті шешім қабылданды: лицензиялау енгізіледі, бірақ бизнеске соның қатаң талаптарына сай болу үшін дайындалуға уақыт беріледі. Өтпелі кезең 2027 жылғы 1 қаңтарда аяқталады. Даярланып үлгермегенге, оған мән бермегенге жабылуға тура келмек. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қазірдің өзінде бұл ұйымдарға талап күшейтіліп жатқанын мәлімдеді.

— Балалардың қауіпсіздігі маңызды мәселе екенімен біз де толық келісеміз! Осы мәселеде Президент міндет қойды. Сол себепті бұл бағытта үлкен шара қабылданып жатыр. Мәселен, балабақшаларға қатысты қолданыстағы алдын ала хабарландыру тәртібі күшейтілді. Оның шарттары лицензиялау тәртіптеріне дейін көтерілді. Балаларды балабақшамен қамтуда жекеменшік мекемелер үлкен рөл атқарады. Кәсіпкерлер дайындалуы үшін уақыт керек, тиісінше, лицензиялау 2027 жылы енгізіледі. Бүгінде балалардың қауіпсіздігін қатаң сақтауға көңіл бөлініп жатыр, — деп сендірді министр Ғ.Бейсембаев.

Айтпақшы, Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, жаңа реформа аясында енді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау жыл бойы жүргізіледі. Қорыта айтқанда, сала жаңғырып жатыр. Оның не нәтиже, қандай жеміс әкелерін өмір мен тәжірибе көрсетеді.

Елдос СЕНБАЙ

ӨЗЕКТІ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 179 ШАҚЫРТУ КЕЛІП ТҮСКЕН

Кейінгі уақытта саяхатшылар арасында таулы аймақтарда адасу оқиғалары жиілеген. Бірі құтқарушылардың көмегімен аман табылып жатса, енді бірінің сапары қайғылы жағдаймен аяқталған деректерді естіп те, көріп те жүрміз. Мамандар мұндай келенсіз оқиғалар, әсіресе жастар арасында жиі кездесетінін және оған басты себеп — дайындықсыз сапар мен қауіптің алдын алмау екенін айтады.

Ресми статистикаға сүйенсек, биыл жыл басынан бері Алматы қаласының құтқару қызметіне таулы аймақтан 179 шақырту келіп түскен. Іздеу-құтқару операцияларының нәтижесінде 272 туристке көмек көрсетілген. Одан бөлек, осы жылы таулы аймақта 3 адам мерт болған. Мамандардың сөзінше, құтқару көмегіне жүгінушілер арасында ең көп шақырту Үлкен Алматы шатқалы, Аюсай, Ассы үстірті, Кіші Алматы, Бутаков шатқалы және Сол жақ Талғар аумағынан келіп түседі.

АДАМДАР БАҒЫТТЫ АЛДЫН АЛА ЗЕРТТЕЙ БЕРМЕЙДІ

Тау гиді, құтқарушы, альпинист Александр Голованов біршама жылдан бері альпинизммен айналысып келеді. Таудың қатаң заңын меңгеріп, шындар-

РОСО немесе құтқару қызметінің әлеуметтік желідегі паракшасын ашып қараңызшы. Сіз олардың қашан да әлдекімді іздеумен болатынын байқайсыз. Тағы бір маңызды дүние, адамдар жақындарына қайда бара

тураны ескермей, өзімен бірге қосымша киім алып шықпайды. Ауа райы кенеттен «қаһарын көрсеткен» жағдайда бұл адам өміріне үлкен қауіп төндіреді.

— Адамдар тауға барарда құдды Панфилов бойымен се-

Алматы мен Алматы облысында 438 оқиға тіркелді. Құтқарушылар тауда қауіп-қатермен бетпе-бет келген 619 адамға қол ұшын созған. Ал 2023 жылдан 2025 жылдың 15 сәуіріне дейінгі кезеңде 392 адам құтқарылса,

мол достар табыңыз. Бағытты талқылайтын чаттарға, арнайы топтарға қосылыңыз, — деді тау гиді, альпинист А.Голованов.

БАСТЫ ЕРЕЖЕ — УАҚЫТЫНДА АРТҚА ШЕГІНУ

Бүгінде тауға шығуға құлшыныс танытушылардың артуына әлеуметтік медианың ықпалы зор. Алайда байқағанымыздай, желіде көздің жауын алар тау көрінісі бейнеленген қызықты контенттер кеңінен таралғанымен, дәл қауіпсіздік мәселесіне келгенде ақпараттық насихат тасада қалады. Осы ретте «Шымбұлақ» тау-курортының өкілдері жолға үнемі су, тамақ, дәрі-дәрмек кобдишасы, жылы киім мен шам алып шығуға, қайда бара жатқанын және қашан қайтатынын жақындарына ескертуге, ең бастысы, жағдай нашарласа, уақытты созбай, бірден үйге қайтуға кеңес береді.

— Тау — тек сұлулық пен тыныштық ғана емес, нағыз жауапкершілік екенін ұғынуымыз тиіс. Тіпті, бір күндік жорықтың өзі үлкен дайындықты қажет етеді. Тауға шығуды жаңадан бастағандар ең жеңілінен, яғни соқпақтары бар және радиалды бағыттардан (бару-келу) бастаған жөн. Біз ұсынатын ең тиімді нұсқалар: Бутаков сарқырамасы, Қимасар шатқалындағы өткеншекке баратын бағыт. Тауда ауа райы тез құбылады. Егер қалада күн +25° шуақты болса, 2000 метр биіктікте +10° және нөсер жаңбыр болуы әбден мүмкін. Әрқашан таудағы ауа райын бақылап отыру маңызды. Осыған қатысты ең сенімді ресурстар — RP5, Windy, Snow-Forecast. Ең басты ереже, өкінгенше, уақытында артқа шегінген дұрыс. Жаңбыр жауды ма, жолда шаршадыңыз ба, тізеніз ауырды ма немесе өзіңізді ыңғайсыз сезіндіңіз бе? Бірден артқа қайтыңыз. Түйсік ешқашан алдамайды, егер ішіңізден бір дауыс кері қайтуға белгі берсе, демек сапарды тоқтатқан абзал, — деді «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының баспасөз қызметі.

ОЙСЫЗ САЯХАТ ОПЫҚ ЖЕГІЗЕР

Тауға шығу — жастар үшін батылдық пен еркіндіктің, тыныштықтың белгісі іспеттес. Әсіресе, экстримді жаны сүйетіндер үшін бұл — нағыз сынақ алаңы. Алайда бұл сынақ кейде сәтсіз жағдайларға әкеліп соғады.

жатқанын алдын ала ескертіп кетпейді. Ол да жоғалған адамды іздеу уақытын айтарлықтай ұзартады. Сондықтан үнемі айтатыным, әркез таңдаған бағытыңызды зерттеңіз, бағдарды біліңіз. Офлайн-картаңыз болсын және қайда бара жатқаныңызды жақындарыңызға айтыңыз, — деді ол.



руенте шыққандай киініп алады. Өзімен бірге аяккиім, таяқша, ауа райы өзгерген уақытта киетін қосымша киім алып шықпайды. Ең бастысы, артық зат алмау және қажет заттарды ұмытпау. Жолда қиындық туғызатын тағы бір өзекті мәселе — ауа райына мән бермеу. Көбіне адамдар ауа райы болжамын қала ішінде болған уақытта қарайды да: «Бұлтты болса не болыпты, Алматыда күн ашық қой» деп ойлайды. Бірақ Көк Жайлауға барғанда нөсер жауынға тап болады. Ал олар жай ғана футболкамен шыққан. Ешқандай қорғаныс жоқ, телефоны да су және күші де сарқылған. Онымен қоса, кеды киіп шығатындары да бар. Бірақ кедымен таудан түсу денедегі жаракатқа әкелуі мүмкін. Тағы бір ескертін қауіп — жорыққа жалғыз шығу. Кей жағдайда тауда жалғыз жүрген адамның тірі қалу ықтималдылығы төмен болады, — деді құтқарушы.

392 АДАМ ҚҰТҚАРЫЛҒАН

2020 жылдан 2025 жылдың сәуір айына дейінгі аралықта



**2023 жылдан 2025 жылдың
15 сәуіріне дейінгі кезеңде 392
адам құтқарылса, олардың ара-
сында 100-ге жуық бала болған.**

ды бағындыруды мақсат тұтқан ол адасу фактілерінің көбеюін немқұрайдылық пен жеке бастың қауіпсіздігіне деген жауапкершілікпен байланыстырады.

— Қазір туристердің тауда адасуы — жиі болатын жағдайлардың бірі. Оған басты себеп — адамдар бағытты алдын ала зерттемейді, соқпақ жолдың қайда екенін білмейді. Қазір

ҚҰРАЛ-САЙМАНЫҢ ТҮТЕЛ БОЛСЫН

Тауға шыққан туристер назардан тыс қалдыратын тағы бір маңызды мәселе — қажетті керек-жарак пен киім-кешектің болмауы. Кейбірі дорбасынан жолда қажет болып қалар деген азын-аулақ затына ғана орын берсе, бірі құбылмалы темпера-

ДАМУ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Семей қаласы үшін маңызды жаңалық – облыс әкімі Берік Уәли мен China Railway Asia-Europe Construction Investment Co.LTD компаниясының бас директоры Чжоу Хайвэй қаланы айналып өтетін автожол құрылысын жүзеге асыруға бағытталған келісімге қол қойды. Жоба қазақ-қытай кәсіпорындарының бірлескен консорциумы негізінде биылғы тамыз айында басталып, 2028 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл – Абай облысындағы маңызды инвестициялық жобалардың бірі.

Аталған бастама Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасы шеңберінде халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп іске асырылатын ерекше маңызы бар жобалар тізбесіне енгізілген. Жана айналма жолдың салынуы облыстың логистикалық әлеуетін арттырып, тоғыз жолдың торабындағы Семей қаласының көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Облыс орталығындағы аспалы көпір арқылы жылына 700 мыңға жуық көлік өтеді.

Аймақ басшысы облыс тұрғындары үшін аса маңызды жобаның тиісті жұмыстары басталып та кеткенін атап өтті.

«Қазақ-қытай кәсіпорындарының бірлескен консорциумы негізінде қол қойылған келісімге сай биыл тамыз-қыркүйек айларында жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі жасалады. Ал қазан, қараша айларында айналма жолдың алдын ала жобасы әзірленіп, көпірлер мен жолайрықтары әкімдікпен келісіледі. Қараша, желтоқсан айларында жұмыс жоспары, құрылысқа дайындық әкімдікпен келісіледі. Содан кейін барып Семей қаласын айналып өтетін автожол құрылысы басталады. Бұл келісім біздің елдер арасындағы ұзақмерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықтың негізіне айналып, Еуразиядағы халықаралық көлік дәліздерінің дамуына айтарлықтай үлес қосатынына сенімдімін», — деді облыс әкімі.

Қытайлық компания өкілдері жұмысты бастауға дайын екенін жеткізді.

«Екі ел достығының арқасында жүзеге асқан Астана қаласындағы LRT құрылысына қатысып жатырмыз. Біздің компания бұл жобаға былтырдан бастап араласып, біркатар жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Осы тәжірибемізді Семей қаласындағы айналма жол құрылысы кезінде іске асырамыз деп ойлаймын», — деді Чжоу Хайвэй.

АСПАЛЫ КӨПІРГЕ АСФАЛЫТ ТӨСЕЛДІ

Семейдегі Ертіс өзені арқылы өтетін аспалы көпірдің сол жағалаудан оң жағалауға бағытталған



ӨРІСІ КЕҢЕЙГЕН ӨҢІР

бөлігіндегі жолға асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталды. Ескі асфальт, гидроокшаулағыш қабаттар алынып, жаңа гидроокшаулағыш материал және жаңа асфальтбетон жамылғысы төселді.

Аймақ басшысы жөндеу жұмыстарының сапасын бақылап, көпірдің асфальт төселген бөлігінде қозғалысты жылдамдатып ашуды тапсырды.

Облыс әкімі Семей қалалық Полиция басқармасына көлік өткелінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көпірдің конструкциялық элементтерін сақтау мақсатында салмағы 8 тоннадан асатын көлік құралдарының қозғалысына шектеу қою қажеттігін айтты. Бұл үшін көпірдің екі жақ шетіне бекеттер қойылады.

«Біз жолаушыларға қолайлы болсын деп көпірдің үстіндегі жолды ғана емес, көпірге дейінгі 600 метр жол учаскесіне асфальт төседік. Осындай техникалық шешім қабылдадық. Жұмыстың межелі мерзімнен кешігуінің себебі — осы. Бұған тұрғындар түсіністікпен қарайды деп ойлаймыз», — деді аймақ басшысы.

Аспалы көпірдің жалпы ұзындығы 1 100 метрді құрайды. Оның ішінде аспалы аралық — 750 метр, бетонды аралық — 350 метр. Ені — 26 метр. Асфальтты ауыстыру жұмыстарына 80-ге жуық жұмысшы мен 20-дан астам арнайы техника жұмылдырылған.

50-ДЕН АСТАМ КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Семей қаласында 50-ден астам көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы — 43 шақырым. Жол жөндеуші «Гордорстрой» ЖШС мекемесі қаладағы 9 көшені орташа жөндеу жұмыстарына қатысуда.

«Қазір Юность кентінде 3 көшені асфальттап жатырмыз. Өздеріңіз көріп тұрған көшенің 800 метр болатын учаскесіне 6 сантиметр қалыңдықта бірінші қабат асфальт төселді. Жакын күндері қосымша тағы бір қабат жамылғы төсейміз. Жұмысты белгіленген мерзімде, сапалы жүргізіп жатырмыз», — деді «Гордорстрой» ЖШС директоры Бауыржан Қайрабаев.

мен 1 жылу электр орталығы бар. Биыл облыс орталығындағы жылу желілерін жаңғырту бойынша 6 жоба іске асырылуда.

ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР

Семей қаласындағы Комсомол кентінде салынып жатқан әмбебап өрт сөндіру депосының құрылысы да қарқынды жүріп жатыр. Өрт сөндіру депосында 6 арнайы техникаға орын қарастырылған. Нысанның жалпы ауданы — 0,82 гектар. Құрылыс «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қоры есебінен қаржы-

гізілген, алайда қаржылық қиындықтарға байланысты сыртқы жөндеу, электр желілерін тарту, жылыту және желдету жүйелерін орнату, ішкі әрлеу жұмыстары тоқтап тұр. Нысанды толық аяқтау үшін қосымша қаржы қажет.

Аймақ басшысы бұл мәселенің шешім табатынын жеткізіп, облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінгенін айтты.

«Әскери госпиталь 1995 жылы пайдалануға берілген. Содан бері күрделі жөндеу жүргізілмеген екен. Құрылыс жұмыстары басталып, тоқтап қалған екен. Облыстық бюджетті соңғы нақтылауда қосымша 540 миллион теңге қаржы бөлдік. Құрылысты толық аяқтау үшін республикалық бюджеттен қаржы сұраған болатынбыз. Мұны Парламент Мәжілісінің комитет төрағалары Нұртай Сабилянов пен Айгүл Құспан да қолдап отыр», — деді облыс әкімі.

ЖАҢА САЯБАҚ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Қарағайлы ықшам ауданында салынып жатқан жаңа саябақтың құрылыс жұмыстарын қыркүйек айында аяқтау жоспарланған. Мұнда серуен жолдары, сахна, мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған алаңдар мен демалыс аймақтары қарастырылады. Саябаққа жасыл желек отырғызылып, заманауи талаптарға сай жабдықталмақ.

Мердігер компания өкілі Мереке Берікұлының айтуынша, аумағы 5 гектар болатын саябақтың 2,6 гектарына түрлі жасыл-желек отырғызылып, автоматты суару жүйесі орнатылады. Саябақтың орталық алаңы киіз үй пішінінде жасалып, сахна қойылады. Қала әкімдігі нысанның мәдени іс-шаралар өткізуге арналған кең қоғамдық кеңістік болатынын айтты. Қазір саябақ құрылысына 13 арнайы техника мен 20-ға жуық жұмысшы тартылған.

Жалпы, биыл «Аулаішілік аумақтарды ағымдағы жөндеу» бағдарламасы аясында шаһардағы 22 аулада абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Олардың тең жартысы сол жағалауда, қалғаны оң жағалауда орналасқан. Жоба аясында ашық спорт алаңдарын, балалар ойын алаңдарын және шағын сәулеттік формаларды орнату көзделген. Бұдан бөлек, халық қатысатын бюджет аясында қосымша 13 аула абаттандырылады. Қазір қаладағы 12 үйдің ауласында абаттандыру жұмыстары басталды.

«Қазір Семейдегі 35 ауланы абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Жыл соңына дейін бұдан бөлек тағы 5 аула мен 5 қоғамдық кеңістікті, яғни арбаттарды, шағын саябақтарды жасаймыз. Келесі жылы қаладағы 150 ауланы абаттандыратын боламыз. Осылайша, кезең-кезеңімен облыс орталығындағы бүкіл аулаларды жаңартамыз. Қала әкімінің міндетін атқарушы Бекжан Бапышев тұрғындармен кездесіп, өтініштіліктерін ескеріп, осы жұмыстардың барлығын қадағалап, басы-қасында жүруі керек», — деді аймақ басшысы.

Асыл ТҰМАР

Аймақ басшысы мердігерлерге жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтауды тапсырды.

«Биыл Семей қаласында 52 көшені жөндеуді жоспарлап отырмыз. Соның 36-сы бұрын-соңды асфальт төселмеген көшелер. Келер жылы осындай көшелердің санын екі есеге көбейтеміз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы екі-үш жылда кезең-кезеңімен жүзеге асатын болады», — деді облыс әкімі.

35 ЖЫЛ ЖӨНДЕУ КӨРМЕГЕН ЖЫЛУ ЖЕЛІСІ ЖАҢАРДЫ

Семейдегі жылу желілері, жылу қазандықтары мен аулаларда қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, Жамақаев көшесіндегі жылу трассасын қайта жаңартылуда. Бұл жоба аясында қаладағы жылу жүйелерінің тозу деңгейі 1,4 пайызға төмендейді. Жоба екі кезеңнен тұрады. Қазір жұмыстың 77 пайызы орындалған. Былтыр 1,05 шақырым (58%) жылу желісі салынған. Биыл жыл басынан бері 400 метр құбыр төселген. Мердігерлер облыс әкіміне жұмысты мерзімінен бұрын аяқтап, бірден абаттандыру жұмыстарына кірісетінін жеткізді.

Аймақ басшысы мердігерлерге жұмысты уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

«Жұмысты жүргізгенде бұрын жасалған ойын алаңдарына зақым келтірмей, жылу желісінің жанынан өткізгендеріңіз дұрыс шешім болған екен. Бұл жылу желісінің ауыстырылмағанына 35 жылдан асыпты. Мұндағы жұмысты жылу маусымы басталғанға дейін аяқтап, пайдалануға беру керек», — деді облыс әкімі.

Семей қаласында орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ететін 19 жылу қазандығы

ландырылып отыр. Жобаның жалпы құны — 700 миллион теңге. Құрылыс жұмыстары сәуірде басталған. Аяқталуы осы жылдың үшінші тоқсанының соңына жоспарланып отыр.

Жоба аясында заманауи инфрақұрылым қалыптастырылады. Модульдік негізде салынатын фитнес-зал ішінде спортпен шұғылдануға арналған зал, санитарлық бөлмелер және техникалық орынжайлар қарастырылған. Сонымен қатар 11 бөлмеден тұратын екі қабатты апартамент те модульдік құрылымда тұрғызылады. Онда өрт сөндіруші мамандарға қажетті барлық тұрмыстық және қосалқы жайлар қамтылады. Ішкі аумақта қызметкерлер мен апартамент тұрғындарына арналған спорт алаңдары, футбол алаңы мен жаттығу мұнарасы орналас-тырылмақ.

Қазір Абай облысында 70 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Оның 11-і жыл бойы тұрақты режимде қызмет етеді. Биыл «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Бесқарағай ауданында өрт сөндіру бекеті ашылды.

«Жақында Мәканшы ауданындағы Алакөлге жақын орналасқан Қабанбай ауылында өрт сөндіру депосының құрылысы басталды. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылады», — деді аймақ басшысы.

ӘСКЕРИ ГОСПИТАЛЬГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

Семейдегі екі қабатты әскери госпиталь ғимараты 75 төсек орынға арналған. Мұнда рентген, компьютерлік томография, флюорография кабинеттері бар. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты Семей, Павлодар қалалары және Жарма ауданының Жаңғызтөбе кентінің әскери гарнизондарына медициналық қызмет көрсететін мекемеде 2024 жылдың желтоқсан айында күрделі жөндеу басталған. Қазір демонтаж жұмыстары толық жүр-



9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Біз Абайға абайсызда бардық. Тереңіне онша телмірген жоқпыз. Бізді апарған махаббат. Бірақ оған бару үшін бір махаббат жеткіліксіз. Білім керек тағы. Содан амалсыз түркологияның тамырын басып көріп, шығыстың шырын дәмін татуға тура келді. Брокельман, Зайнчковский, Наджип, Севортян, Шербак, Қоңыратбаев, Р.Сыздыкова... Алып мұхит. Мына кітап – көпжылғы ізденістің піскен жемісі. Қорытпа нұсқасы. «Китаб тасдиқ» – Абайдың ми сөлі. Абайдың ми сөлін маржандай қып қағазға түсірген – Мүрсейіт. Мүрсейіт – Мұхтар Әуезовтің ұстазы. Абайдың мұрасын Мүрсейіттің қолжазбасымен беру Әуезовтің арманы болған. Іске асыра алмаған. Сөйтіп, шағатаймен бастаған Абай хакім өз шығармашылығын шағатаймен аяқтаған екен. Басқашалап кетпеген. Грек, латын, арап, парсыдан шоқып, керегін теріп алған. Барын Түріктік тамырға байлаған. Ол түріктік тамырды тосырқағандар да бар. Себебі маргиналды ми иелеріне айналып кеткенбіз ғой.



жегі құрт түскенін анық көрді. Содан сонда шығармашылығының соңында жеке бұлақтан гөрі, ортақ бастауға бас қойғаны.

Қазіргі абайтанудың алыбы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы «Бұрын ешкім түспегенге түстіндер» деген. Ұстаз жаңалықты жылы қабылдады. Жанашырлық танытты.

Оңай болмады. М. Әуезов кезінде «Абай өз ойын ешбір күшке табындырғысы келмеген данышпан адам» деп бекер айтпаған, сірә. Қайдан оңай болсын. Абай хакімнің мұрасына бас сұғу үшін таза, азат рух керек. Онсыз ол қабылдамайды. Жүзін теріс бұрады сенен. Абай мұрасының мәзірінен азда болса дәм таттық. Сол дәмнен елмен бөлісу. Бар арман сол болды. Елге жеткіздік әйтеуір. Сол көңілге демеу. Барлық нәрсе Құдайдың қолында. Рас.

Айтылған әңгімелерге тұздық ретінде біраз мұралардан мысалдар келтіреміз. Мақсат мың құбылып, айтылып келе жатқан мың жылдық мұрамыздың түп-тамыры, негізі бір, бір-ақ нәрсе, бір тіл, бір жазу екендігіне мән беріп, көз жеткізу. Олай болса ежелгі дәуірден мысал, Жүсіп Бала-сағұни:

АБАЙ ЖӘНЕ ЕРКІН ОЙДЫҢ



(«Абай. Китаб тасдиқ» кітабы жарық

нен тарайтын диалектің бәрі диалект емес, тіл деген. Мақсат – бұтақтарына жан ашығансып, түріктей алып бәйтеректің дінгегіне құрт түсіру.

Француз Шапенге ұқсас пікірді М. Әуезов те айтқан: «Түркі тілі деген бер-тінге шейін келген. Бұл тіл кітап тілі, әдеби тіл болып есептелген. Түркі тілі 1915 жылға шейін түркі елдеріне ортақ тіл болатын. Түркі тілінің негізі шағатай әдебиетінен шыққан. Шағатай әдебиеті сол уақыттағы бүкіл түркі еліне ортақ әдебиет болған... Абай үйінде бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медреседегі 3 жыл ғана емес. Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медресесінде де оқиды», – дейді.

Яғни Абайға бір түрікше жазу құдды бір жат, бөтен нәрсе сияқты көргісі келеді біреулер. Олай тану кеңестік кездің салқыны. Абайға түрікше жат емес, біте қайнасып өскен, сол қоғамның төл баласы ол. Терісі түлеп түсіп қалған жыландай одан ажырап қалған біз. М. Әуезов Абайдың «Китаб тасдиқты» ерекшелеп, басқаша өрнекпен жазғанын шегелеп, айтып кеткен. Ол: «Жазу тілінің, басқа кара сөздердегі анық казактық түрін өзгертіп, кітапшылап (түрікше) тың үлгі, стиль іздейді» деген. Қажеттілік болған. Зәрулік болған. Содан соң солай жазған. Ендігі заманда сол жоғалтқан түрікшілдігімізді қайта тірілтіп, оны жандандыру керек боп тұр қазір. Шілдің боғындай ша-шыраған түрік баласына бас қосып, бірігіп, баяғы Алып Ер Тона заманындай алыптыққа қарай беттеу керек. Түркология ғылымының негізгі міндеті де сол болу керек. Батыс ориенталистерінің қолындағы еуроцентристік ойындардың ермегі болудан қалу керек. Біржола. Шапен сияқтылардың шын айтқандарын пайдаға жарата білу керек. Ең болмаса түрік балдары бірігіп, ортақ әліпби жасай алмай отырмыз ғой. Пантүрікшіл Мұстафа Шоқай, Мағжандар кезінде бекерге шырылдамаған еді. Түрік жұртының көпе көрнеу империялық «Бөліп ал да, билей бер» жоспарымен құрбандыққа шалынарын білді олар. Оның алдында Абай дінгекке

*Билип сөзләсә сөз билигкә санур
Билигсиз сөзи өз башыны йейур
(«Қудатғу билиг», XI ғ.)*

Махмуд Қашқари:

*Қушлар киби учтумиз
(Мы налетели (на них) как птицы)*

*Қиз бирлә курашма, қисрақ бирлә
йаришма.*

*(«Диуан луғат ат турк», XI ғ.,
транскрипция З. -А. Ауэзова)*

«Кенә күнләрден бір күн Ай қағаннун көзү йарыб болады, еркәк оғул тоғурды. Ошул оғулнун өнлүгі чырағы көк ерді, ағызы аташ қызыл ерді, көзләрі ал, сачлары, қашлары кара ерділәр ерді» (Оғыз нама, XIII ғ., И.В.Стеблева транскрипциясы).

Алтын Орда дәуірі. Хорезмиден мысал:

*Қарә топрақдин сүнбүл йаратты,
Тикән лар арасында гүл йаратты.*

*Қатық ташидин қылур гауһарни пәйда,
Қуруқ нәй дин қылур шәккәрни пәйда.*

Автор жырды Мухаммед -Ходжа-бекке арнап жазғанын айтады:

Зехи әрслан йүрәк қоңрат уруғы

Қашан жазғанын айтады:

*Бу дәфтәр ким болуптур Мыср қанды,
Йеті йүз елли төрт ичрә түгәнди.*

Яғни, қазіргі жыл санауы бойынша: 1353 жыл. Мысыр қантындай тәтті деп тұр ғой жырды. Қай жерде жазғанын айтады енді:

*Му Муһаббәт-намә сөзин мунда биттим,
Қамуғын Сыр йәқасында биттим.*

Кәдімгі Сыр дарияның бойында, Сығанақ шаһарында жазған екен. (Мухаббат-



М.Әуезов кезінде «Абай өз ойын ешбір күшке табындырғысы келмеген данышпан адам» деп бекер айтпаған, сірә. Қайдан оңай болсын. Абай хакімнің мұрасына бас сұғу үшін таза, азат рух керек.



Қарап отырмай әрі-беріден хабар алдық. Мұхтар Әуезовтің Голландияда тұратын немересі профессор Зифа-Алуа Әуезова «Сіздер жасаған транслитерация – өте құнды дүние. Көпшілік қауым арасында қызығушылық тудырады деп сенемін» деген жылы лебіз білдірді. Facebook арқылы хабарластық. М.Қашқаридің «Диуан луғат ат түрік» еңбегін орыс тіліне тәржімә жасаған маман ғой. Сыни пікірлері де жоқ емес.

Ташкент Шығыстану институтының проректоры, профессор Құдратулла Омонов «Китаб тасдиқ» тілі туралы: «Бүтун урта осиеда ягона адабий тил булганку. Эски узбек тили. Абай хам, Махтумқули хам шу тилда ижод этган. ...Чиғатой туркийси — эски узбек тили» деп ой өрбітті. Абайдың «Китаб тасдиқты» шағатайша жазғанын айтады. Шағатайша демекші, Иван Шапен деген орыс зерттеушісінің бір әдемі пікіріне жолықтым. Онда ол былай дейді: «Слова: Татары и Татарский языкъ дѣйствительно неизвѣстны народамъ,

которые мы называемъ Татарами; они сами именуютъ языкъ свой: Тюркь-дили. Это общее нарѣчіе, съ которымъ можно проѣхать отъ Китая до Казани, до Крыма, а отсюда до Мароко и черезъ Мекку въ Индію, такъ точно, какъ съ Французскимъ, можно объехать всю Европу. Джагатайское нарѣчіе есть очищенный, книжный Турецкій языкъ, такъ названный отъ Джагатая, любимого сына Чингисъ - Хана. Впрочемъ, жители Турана, Крымцы, жители Малой-Азии и Турціи, говорятъ однимъ языкомъ, въ которомъ замѣтитъ можно мѣстная различія въ произношеніи, не столько однако же ощутительная, какъ русскимъ и малороссійскомъ. Не деген ғарыштай кен, таным, түсінік. Түсінік кеңістігі былғанбаған автор ғой бұл. Ауыл арасын айналшықтап біз жүрміз. Өз атымызды жаза алмай. Түрік пе, түркі ме деп. Профессор М.Жолдасбеков жақсы айтты. Тасқа кашалған атымыз түрік деп. В.Радлов, Л.Будагов, П.М. Мелиоранский, Д.Неметттер солай айтқан. Түрік тілі бар, қалғаны диалект деген олар. Қазан төңкерісінен соң ғылым айныған. Түрік тілі-

наме, XIVғ. Деректер мен транскрипция Э.Н.Наджиптікі).

Енді XVII ғ. өтейік: «... ешүтгіші ге хуш келіб, ооқуғучы ға ыакл ға ғайда сы болғай һәм жаддын білмек лік һәр пәндәсіге уажиб болғай». «...дүнийаның төрт бурчын билеген хан. Халайыкын ыадл лік білән сурған хан. Йетім лер ге рахим қылыб, чығай лар ны тойдурған хан. Қыш уа йаз, ай уа йыл хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан». «...Оғузының алты оғлы бар ерді. Анлар ның атлары мунундек тафсил да келіб тунур: Күн, Ай, Йулдыз, Көк, Так, Деніз. Оғуз барча уилайатларны алды, ыалак Иран уа Туран уа Шам уа Миср уа Рум уа йана уилайатларны алды». «...Амма Едіге бек алтмыш үч йашында уофат табды. Кадырберді хан ның урушында захмлык ерді». «...Мубарак зилхижа айыға дегәч андын соң тарих мында сычқан йылы мубарак зил хижа айының онунчы күн ерді. Пенчшәмбә күн Ораз Мухаммед хан бин Ондан султан ны ханлык ға олтурғузды лар». «...Аммә алач мыңы арасында улуғы тарақ тамғали алайыр болғай». (Кадырғали Жалайри, Жамият тауарих, 1602 ж., Транскрипция Р.Сыздыкова).

Енді XIX ғасырға Абайдың заманына келейік: «Анын биук манзублу уа афзалатлу һазратлар ғұспудин ғенерал от инфантари Орнбургның ғаскарийа ғубернаторы һәм

денізден булут чығарады екен. Ол булутлардан йағмур йауыб, жер йүзінде нече түрлі данәләрни өстіріб, йемішлерни өндүрүб, көзге көрік, көңілге рахат гулбайчечакләрни, ағач-йафракларны, кант-камысларны өндүрүб, нече түрлі нәбәтатларны өстіріб, хайуанларны саклатыб, бұлақлар ағузүб, өзен болүб, өзенлер ағүб, дария болүб, хайуанларға, құсқа, малға сусүн, балықларға орун болүб жатыр екен. Жер мақтасүн, кендірін, йемішін, кенүн; гүлләр гүлін; құслар жүнүн, етін, йумырқасун; хайуанлар етін, сүтін, күчін, көркін, терісін; сулар балығын; балықлар иқрасын; һәтта ара балын, балауызын; құрт ифәгін – һәммасы адам баласының ғайдасына йасалыб, һеч бірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе йок, бәрі – адам баласының тау-сылмас азығы. Милион хикмәт бірлән йасалған машина-фабрикләр адам баласының рахаты, ғайдасы үчүн йасалса, бұл Йасаучы мухаббат бірлән адам баласын сүйгенлігі емес ма?»

Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасындағы «Китаб тасдик» сыртында мынадай жазу бар (араб қарпінде): «Китаб тасдик. Хайырлы сағатда бітіб... Дайұрбай Хожанұғлына бағышлаб йаздым, хижраның 1327-сінде, милади 1910-інчі илында, әпірелнің 20-інчі

САЛМАҒЫ

көргеннен кейінгі толғаныс)



түрлі жамаиллы кәуалері Петр Кирилич Эссен Кіші иуз қырғыз қазақ иуртының тархан батыры Иоламан Тіленчі ұғылдан». «...кім ол есірлікдә олғучы есауұл Бүдүрүфны қайтармасын мақдам ол ұрадник Плешкоф салтанлар Пысчан Абұлғазы ұғлы ила Бай-мұхамед Айчуак ұғлы уә һәм Держан Ыабадалмұмин ұғлы уа қырғыз, қазақ Ианкач Оразақұғлы диганлар илан бірга иурүб һәр ауұллардә конүб ама үшбү ыакраб иулдызының 26-інчі иаумында түн ічіндә мәзкур ұрадник Плешкоф илан конған ерүміздә канд өзінін мінүб иури тұрған бұрлы биәсі илан иоғалүб кетібдүр». (Орынбор әскери губернаторы П.Г. Эссенге бас старшын Жоламан Тіленшіұлының есаул Подуровты босату туралы хабарламасы — 1823 жыл, 28 қазан // Материалы по истории Казахской ССР, 1785-1828 гг.т. 4. Изд. АН СССР, Москва, Ленинград, 1940, стр. 445-446. Транскрипция А.Б.Калшабек).

Енді, Абайдың «Китаб тасдик» шығармасы: «Ыақл көзі менен кара: күн қыздырүб,

күнінде йазғучы Мүрсейд Бікі марх-ұмұғлы».

XX ғасырдан бір мысал:

Болады Торғайский уәләятим,
Таифым — Арғын, Мадияр — асыл затым.
Бұл сөздің мұхаррири һәм наширы,
Дулат-оғлы Мир Яғкуб — өзім атым.

(Міржакып Дулатұлы.
«Оян, қазақ», 1909 ж.)

Осы мысалдар жеткілікті ғой дейміз. Жүсіп Баласағұни мен Міржакып Дулатұлының жазба тілі бір боп тұр ғой. Тәмәм.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
М.Әуезов университеті
«Мұхтартану» ғылым
орталығының басшысы, ф.ғ.к.,
доцент

АБАЙ ЕЛІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Абай облысында мерекелер онкүндігі өтіп жатыр. Елдің рухани тұтастығын паш ететін ерекше шаралар легі көрерменге ерекше көңіл күй сыйлап, ұлы ақынның шығармаларын насихаттап отыр. Соның бірі – Семей қаласындағы Абай алаңында мерейтой аясында өткен «Абай елі – өнер кеніші» атты аудан өнерпаздарының облыстық концерті.



Мерекелік шара Абай елі ретінде танылған өңірдің мәдени-рухани әлеуетін паш етіп, аудандық деңгейдегі талантты өнерпаздарға өз өнерін кең ауқымда танытуға мүмкіндік берді. Облыстың әр түкпірінен жиналған өнер ұжымдары ұлттық мәдениеттің үздік үлгілерін сахнаға шығарып, көрерменді рухани бай мұрамен сусындатты.

Концертте дәстүрлі ән мен күй, терме мен би, театрландырылған көріністер мен заманауи өнер туындылары орындалып, көрермен назарына жергілікті мәдениеттің байлығы мен алуан түрлілігі ұсынылды. Шара – өнердің сабақтастығын, халық шығармашылығының өміршендігін айқындаған мазмұнды кеш болды.

Кеш барысында Көкпекті, Жарма, Үржар, Бесқарағай, Аягөз, Ақсуат және жаңа Семей аудандарынан келген өнерпаздар ән шырқады. Олар сахнада бірлік пен татулықтың көрінісін көрсетіп, көрерменге көтеріңкі күй сыйлады. Шараға Абай облысының 10 ауданынан 150-ге жуық өнерпаз сахнада өнер көрсетті. Олар ән айтып, би билеп, күмбірлеген күйлерін тартты. Айта кетерлігі, маусым айында өткен облыстық көркемөнерпаздар

байқауында жүлдегер атанған үздік ұжымдар осы кештің сәнін кіргізді. Бірінші орынды жеңіп алған Абай ауданының өнерпаздары, сондай-ақ Аягөз бен Үржар аудандарының ұжымдары өздерінің ең жарқын нөмірлерін сахнада қайта жаңғыртты.

«Бұл концерт жарқын мәдени оқиға ғана емес, сонымен қатар халық өнерін қолдау жолындағы маңызды қадам болды. Дәл осындай шаралар арқылы жаңа есімдер ашылып, ұрпақтар арасындағы сабақтастық нығайып, рухани құндылықтар жалғасады деп сенеміз», — деп атап өтті Абай облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының өкілдері.

Көптің ықыласына бөленген концерт ел ішіндегі өнер иелеріне қолдау көрсетіп, өңірлік мәдениетті дамытуға серпін берген маңызды мәдени оқиға ретінде есте қалды.

«Абай елі – өнер кеніші» атты аудан өнерпаздарының концертімен қорытындыланды. Қала ко-нақтары мен тұрғындары ерекше кештің куәсі болып, бір серпіліп қайтты.

С. БЕГІМБАЙ



ТАНЫМ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Жапон жазушысы Казуо Исигуруның «Жоғалтып алма сен мені» романын оқығандар өз тағдырынан бұрын өзгенің жанына алаң болған кейіпкер Кэтиді жақсы біледі. Медициналық донор болу жазылған тағдырына мойынсұнбай, ол ұзақ уақыт бойы аурухана төсегінде жалғыз жатқан жандардың жанынан табылады. Ақтық сапарға аттанып бара жатқан жандардың қолын қысып, жалғыз қалдырмады. Бұл – көркем әдебиеттегі өлім доуласының бейнесі. Біздің шынайы өмірімізде де дәл осындай мамандар бар. Қазақстанда бұл тақырыппен кәсіби айналысып жүрген алғашқы әрі әзірге жалғыз маман – Зухра Сарманова. Бүгінгі сұхбатта өлімнің маңайындағы қорқыныш, үнсіздік, жалғыздық сияқты ауыр сезімдер мен сол сәтте жанға демеу болатын доула қызметі туралы сөйлестік.


— Адамдар сіздің қызметіңізді алғаш естігенде танданыс танытуы мүмкін. Сондай сәтте өзіңізді қалай таныстырасыз? «Өлім доуласы» дегеннің мәнін қалай түсіндіресіз?

— Мен ең алдымен трансперсоналды психологпын, сонымен қатар өлім доуласы ретінде жұмыс істеймін. Бұл ұғымды жиі салыстыру арқылы түсіндіремін. Психолог адамды «емдеуге» тырысады, ал доула — емдемейді, тек жанында болады. Емдеуге, қайтаруға, түзетуге мүмкіндік жоқ жағдайлар — мысалы, өлім, қартаю, ажырасу секілді өзгерістер кезінде көмекке келемін. «Мен сізбен біргемін. Қасыңызда боламын. Қандай сезімдеріңіз болса да, бірге өткереміз», — деймін. Менің міндетім — адам эмоцияның тұңғығына тұншығып, сол күйінде қалып қойғанда, соны бірге өткізіп шығуға көмектесу.

— Өзіңіздің қызметіңіз туралы қандай қате түсініктерге жиі кезігесіз?

— Өлім доуласы өлімді жақындатады деген жаңсақ түсінік әлі де кең таралған. Алайда шын мәнінде бұл қызметтің түпкі мақсаты — мүлде басқа. Керісінше, біз адамның соңғы сәттерін барынша мағыналы, тыныш әрі жеңіл өткізуіне көмектесуге тырысамыз. Бұл — өмірмен қоштасуды толық қабылдау емес, мүмкін, шарасыздықпен келісу шығар. Десе де, дәл сол сәтте жанында жылы сөзін аямайтын, қолынан ұстап, қорқынышын сейілтетін жан керек.

Физикалық аурудан толық арылу мүмкін болмағанымен, ішкі жан азабын жеңілдетуге болады. Ал ішкі тыныштық —



Зухра САРМАНОВА,
ПСИХОЛОГ:

ҚАЙҒЫНЫ ҚАБЫЛДАУ ТАҒДЫРҒА құрметтен басталады

әркімнің өз таңдауы. Қоштасудың ауыртпалығын жеңілдету — тек медицина мен дәрігердің емес, жан мен жүрек тілін білетін, қасіретті үнсіз тыңдай алатын адамдардың да міндеті. Өлім доуласы — өмір мен өлім арасындағы өткелдің шетінде жанашырлықпен күтіп тұрған жан.

— Өліммен алғаш бетпе-бет келген кезіңіз есіңізде ме? Қай сәт сізді өзгертті?

— Бір туысымның өзіне-өзі қол жұмсауы менің өмірімді күрт өзгертті. Кенеттен өлім мен үшін абстрактілі ұғым емес, жанымды жаншыған шындыққа айналды. Суицид — тек бір адамның тағдыры емес, бүтін бір отбасының жарасы. Сол жараның дәл ортасында тұрдым. Дәл осы оқиға мені өлім доуласы болуға итермеледі.

Айтады ғой, «емдеймін» деген адам алдымен өз жарасын емдеуі керек деп. Мен де сол жолдан өттім. Әрбір клиентіммен бірге ішкі үнім тереңдей түсті, қайғыны қабылдауым өзгере берді. Себебі өлімді күту — жай ғана процесс емес, ол адамды өмірдің мәніне жақындатады.

— Өмірден өз еркімен кеткен жақының жоқтап отырған жандарға не айтар едіңіз? Жан жарасын сәл де болса жеңілдететін қандай сөз табылар еді?

— Кінәлі сезіну — суицидтен кейін ең жиі кездесетін әрі ең ауыр жүк. Жақының жоғалтқан жан өз-өзін іштей жеп, «неге байқамадым?», «неге көмектесе алмадым?» деп өзін айыптайды. Бұл — адам психикасының табиғи қорғаныс реакциясы. Көп жағдайда дін де бұл сезімді ауырлата

жеке шешіміне деген құрметтің бір көрінісі. Біздің қоғам үшін бұл әлі жат дүние шығар. Бірақ қайғыны қабылдау — адамның өзге жанды айыптамай, оның тағдырын жүреппен ұғуға талпынысынан басталады.

— Ақтық сапар алдында адамның жаны жай табуы үшін не қажет? Қоштасудың шынайы, адамгершілік жолы қандай болуы керек?

— Бұл сәтте адамға ең керегі — жанындағылардың мейірімі мен тыныштық. Өлу процесі физикалық тұрғыда да оңай емес. Сондықтан біз туыстарына адамды қатты құшақтамауға, киімін жұмсақ табиғи матадан таңдауға, денесіне артық салмақ түсірмеуге кеңес береміз. Егер қоштасқысы келсе, алақанды оның алақанының астына қойып қана тигізуге

қайғырады. Ол баланың күлкісі, мектепке баруы, есейіп, өз жолын табуы секілді келешектегі қуаныштарына жоқтау айтады. Ал ересек жан өмірден өткенде артта қалғандар бірге өткізген жылдарға, ортақ естеліктер мен өткен сәттерге мұнаяды. Қайғының сипаты әртүрлі көрінгенімен, табиғаты бір — адам жүрегінде орны толмас бос кеңістік қалды. Мұндай сәттерде сөз емес, жан тыныштығы, үнсіз жанашырлық пен шынайы жан жылуы маңыздырақ.

— Біз неге өлім туралы ашық сөйлесуден қашамыз? Бұл тақырып әлі де жабық күйінде қалып отырғаны неліктен? Үнсіздікті сақтай отырып, шын мәнінде нені жоғалтып жүрміз?

— Біз көбіне беймәлім дүниеден қорқамыз. Ал өлім — ең белгісіз, ең беймәлім құбылыс. Сондықтан да ол туралы сөз қозғамаймыз, айналып өтеміз. Кейбір діндер де бұл тақырыпты нақтыламай, тек жалпылама сипаттайды. Бірақ бір нәрсе ақиқат: өмірге келген әрбір жан — бір күні бұл дүниемен қоштасады. Алайда біз өлім жайлы үнсіз қалған сайын ішіміздегі үрей тереңдей түседі. Себебі айтылмаған қайғы іште тұнған күйі қорқынышқа айналады. Ал керісінше, адам өлім туралы ашық сөйлей алғанда, сол қорқыныштың беті ашылып, ол жеңілдей бастайды.

Жалпы, өлім жайлы ашық сөйлесудің өзі — жүректі жеңілдететін ерекше диалог. Себебі арғы жақта не күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Бірақ бір анық дүние бар — бізді қорқытатын нәрсенің көбі өз санамызда ғана. Сол қорқынышпен бетпе-бет келіп, танып, сөйлесу арқылы оны жеңуге болады.

— Елімізде өмірінің соңғы кезеңіне аяқ басқан жандарға көрсетілетін паллиативтік көмектің қай тұстары көңіл көншітпейді? Ең басты кемшіліктері неде деп ойлайсыз?

— Шындықты мойындау керек: Қазақстанда паллиативтік көмек жүйесі әлі де әлсіз. Өлім аузындағы адамға тек дәрі емес, жылулық, қолдау, қамқорлық керек. Ал бізде ондай жандарға тірі күнінде-ақ қол бұлап, «болды, кетті» деген көзқараспен қарайтындар көп. Бұл — жүрекке ауыр, тіпті әділетсіз жағдай.

Күйеуімнің өгей әкесі Швейцарияда хосписке қайтыс болды, ал туған әкесі — дәл сол кезеңде, Қазақстандағы паллиативтік мекемеде көз жұмды. Екеуінің соңғы күндері — екі түрлі әлем. Бірі — адамдық қадір сақталған, жан тыныштығымен өткен қоштасу болса, ал екіншісін жалғыздықта ұмыт қалған жанның үнсіз күтімі дер едім. Сол кезде мен біздің елдегі қарттарға, өлімге таяған адамдарға деген көзқарасымызды анық көрдім. Бізде қарттық — құрмет емес, көбіне қажетсіздікпен теңестіріледі.

Бұл жай ғана паллиативтік көмектің кемшілігі емес, бұл — қоғамның ескі жарасы, біз мойындағымыз келмейтін ауыр ақиқат.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ



Қайғының сипаты әртүрлі көрінгенімен, табиғаты бір — адам жүрегінде орны толмас бос кеңістік қалды. Мұндай сәттерде сөз емес, жан тыныштығы, үнсіз жанашырлық пен шынайы жан жылуы маңыздырақ.

түседі. Суицид туралы түсінік бізде әлі де күнә мен тыйымның көлеңкесінде. Ал шын мәнінде, суицид — ақталуды немесе айыптауды қажет ететін жағдай емес. Ол — адамның ішкі күйзелісінің, жан азабының шегіне жеткен көрінісі. Бұл таңдаумен келіскеніміз емес, бірақ біз кеткен жанның сол сәттегі болмысын, жағдайын, осындай шешімге не итермелегенін түсінуге тырысуымыз керек. Себебі қабылдау құрметтен басталады.

Кей елдерде психикалық азаптан шаршаған адамға эвтаназияға рұқсат беріледі. Бұл да адамның

болады. Өйткені адамға ол салмақ болып сезілмеуі керек. Әрине, біздің басты мақсатымыз — оның соңғы жылдарын, айларын, сағаттары мен минуттарын мүмкіндігінше жайлы әрі қолымыздан келгенінше — жарық әрі шуақты ету.

— Өлімнің ең ауыр түрі — бала өлімі деседі. Сіз осындай жағдайларға тап болдыңыз ба? Ондай қайғыны қабылдау мүмкін бе өзі?

— Бала өмірден озғанда, ата-ана баланың «болмаған өмірі» үшін күйзеледі — әлі айтылмаған сөздерге, орындалмаған армандарға, бірге көруі тиіс болашаққа



9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде былтыр кинотеатрларға 23 миллионнан астам көрермен барған, сондай-ақ 514 фильм түсірілген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 127-ге артық. Солардың 18%-ы – толықметражды фильмдер.

А Әсет ҚАЛИ

Жалпы, толық картиналардың құрылымын жазатын болсақ, оның ішіне 175 көркем фильм, 215 деректі фильм, 83 анимациялық және 41 шежірелік (хроникалық) фильм кіреді. Сонымен қатар елдегі киностудиялар саны қысқарған, қазір олардың саны небәрі 80.

2024 жылы кинотеатрларға бару көрсеткіші – 23 миллион. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім бар деген сөз. Оның 53%-ы (12,2 млн) шетелдік фильмдерге тиесілі.

Қазақ фильмдерін көргендер – 43% немесе шамамен 9,9 млн көрермен.



ТАЛҒАМ ӨСТІ МЕ?

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығы киноиндустрия үшін сәтті маусымдардың бірі болды. Оған себеп – отандастарымыздың кино көретін платформаларды жиі қолдануы. Халықаралық деңгейдегі Кинопоиск, IVI, Netflix, Okko, MEGOGO сынды платформалар елдегі көрермен талғамының айнасы болып кеткендей. Кино көрушілердің

КИНО – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ РЕНТГЕНІ

фильмдер тізімін анықтай отырып, сол қоғамның қызығушылығы мен сұранысын жіті бақылауға болады.

MEGOGO дерегіне сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы алты айында қазақстандықтар экшн, фантастика, отбасылық классика сынды жанрларға басымдық берген. ТОП-10 фильмнің көшін Джейсон Стэйтем ойнаған «Пчеловод» бастап тұр. Бұл – көрермендердің әлі де болса, жылдам өрбитін оқиға, қаһармандық іс-әрекеттер мен бірден баурап алатын атмосфераны қалайтынының дәлелі. Тізімде Гарри Поттердің барлық бөлімдері де үздіктер қатарында. Бұл әлі де болса көрерменнің сиквельге деген махаббаттың сөнбегенін аңғартады. Ал Жаңа жылдық классика «Үйде жалғыз қалғанда» фильмі көрермендердің ностальгиялық күй кешуге

деген қажеттілігін көрсетіп отыр.

Кинотанушы Жангелді Өмірәлиев еліміздің кинонарығы қатты өзгеріске ұшырағанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, отандық фильмдер голливудтың фильмдерін басып озады.


– Отандастарымыздың талғамы соңғы жылдары өзгерді. Қазір олар қазақстандық туындыларға ақша төлеуге дайын.

Осыдан 10 жыл бұрын олай болмайтын, біздің киноға көп адам бармайтын. Қазір бәрі өзгерді. Олар кинотеатрларға барып, ақша да төлеп жатыр. Болашақта бұл үрдіс дами беруі керек. Бірақ тек комедиялармен қалып қалсақ – көрермен шаршайды, жалғады. Сол себепті басқа да жанрларды дамыту керек.

Бұл жерде басты назар стримингтерде болып тұр – қазір елімізде бұл бағыт енді дамып келе жатыр. Орыстардың «Кинопоиск» пен «Иви», украиндардың «Мегого» онлайн кинотеатрларында отандық фильмдер қаптап шығып жатыр. Онымен

лизм мен психологиялық шиеленісті де қажетсінетінін де осыдан-ақ байқауға болады.

– Қазір біз фильмдердің ішіне, әсіресе драмалар, комедиялар мен триллерлердің арасына аз-аздан хоррор жанрын қосып, жұмыс істеуге тырысып жүргендерді көреміз. Бұл тәжірибе біздің киноиндустрияның өсуі мен дамуы туралы пікір қалыптастырады. Бірақ өсу әдетте, жұмыс барысындағы ауыртпалықтармен қатар жүреді. Мысалы, біз кейбір жанрлық теңгерімсіздікті байқау үстіндеміз. Біздің көрермендер арасында ең танымал әрі табыс әкелетін ең пайдалы жанр комедия болғандықтан, олардың сұранысқа сай көптігін аңғарамыз. Сәйкесінше, басқа жанрлардың жетіспейтіндігі көңілге кірбін ұялатады. Мәселен, бізге әлі де болса сапалы экшн-фильмдер, триллерлер, қорқынышты кинокартиналар



қоса, жергілікті «Қазақтелеком» мен TV+ секілді платформалар бар. Жақында Unico Play мен Freedom Media онлайн кинотеатрлары ашылады. Бұл бағытта да жаңа ойыншылар пайда болып, алға жылжу жүріп жатыр. Соның арқасында бізде жаңа туындылар пайда болып, көрерменде комедиядан бөлек таңдау да болады, – дейді Жангелді Өмірәлиев.

**БІЗ КӨРЕТІН ЖАНР
ТЕК КОМЕДИЯ ЕМЕС**

Қазақстандық көрермен тек фильммен шектелмейді. Сериалдар әлемінде де олардың талғамы біршама жоғары. Көш басында – әлемге әйгілі «Тактар ойыны» сериалы. Әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған бұл фэнтези-драма әлемдік сапа мен ішкі драматургияны бағалайтын көрерменнің таңдауынан мүлде кеткен емес.

Тізімде одан бөлек, «Одни из нас» пен «Айдаһар үйі», «Ходячие мертвецы» сияқты антиутопиялық және постапокалиптикалық тақырыптағы жобалар да бар. Қазақстандықтардың арзан, жеңіл комедия емес, қатал реал-

ауадай қажет. Бұл тиісінше сол жанрларды дамытады, – дейді кинотанушы Гүлажар Машрапова.

Қазіргі қазақ киносына әлеуметтік, ұлттық, тарихи бағыттағы жаңа туындылар келе бастағанымен, комедиялық жанрдағы фильмдер әлі де басым. Осыны ескерген қырғыз кинематографистері бізде кенжелеп тұрған жанрда фильмдер түсіріп, көрерменге ұсынып жүр. Кинотанушы Жангелді Өмірәлиевтің айтуынша, елімізде де мұндай бағыттағы туындыларды сапалы түсіріп, әсіресе жарнаманы дұрыс жолға қойса, көрерменнің қызығушылығы артып, отандық киноға ағылар еді.

– «Міржақып. Оян қазақ» оған дәлел – бір миллиардқа жуық қасса жинап алды. «Дәстүр» комедия емес, алайда 1,5 миллиардтай теңге жинады. Мысал ретінде көрші қырғыздарды алайық: олар Қазақстанда комедия күшті қаражат жинап жатқанын көріп тұр. Сол себепті бұл жанрға жоламай, біздің нарыққа өздерінің арзан қаражатқа түсірілген триллер, әлеуметтік драмалары арқылы кіруге және

прокаттан бірталай ақша жинауда. Ол да бір қызық құбылыс, – дейді ол.

**ДУБЛЯЖДАҒЫ
ОЛҚЫЛЫҚ**

Қазір қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мәселесі кино әлемін де айналып өткен жоқ. Соңғы жылдары көптеген шетелдік фильм мен мультфильм қазақ тіліне дубляждалып, кинотеатр мен стриминг алаңдарына жол тартуда. Бұл бір жағынан отандық көрермен үшін ана тілінде сапалы контент көру мүмкіндігі болса, екінші жағынан аударма сапасына деген пікірталастардың көбеюіне себеп болды. Кейбір дубляждар көрермен көңілінен шығып, қазақ тілінің көркемдігін, эмоционалдық қуатын аша түссе, енді бірінде кате аудармалар, интонация мен сәтсіз шыққан сөйлем құрылымдары сынға ілікті. Әлеуметтік желілерде, әсіресе кейіпкер мінезіне сай келмейтін аудармалар мен сәтсіз қолданылған сөздер қызу талқыланып жүр.

Кинотанушылардың айтуынша, қазақ дубляжы даму үстінде, сол себепті ол осындай құбылыстардан өтуі шарт. Қазақша дубляж нарығы енді ғана қарқын алып келеді. Бірақ кәсіби аудармашылар мен актерлердің, режиссер-дубляжшылардың тәжірибесі артқан сайын сапа да, көрермен сенімі де жоғарылайтыны анық.

Режиссер Мұрат Есжанның айтуынша, қазіргі сериалдар мен фильмдерде тіл мәселесі мүлде назардан тыс қалып отыр. Оның пікірінше, кинотеатрда қазақша субтитрді оқып отырып, ұялатын жағдайлар жиі кездеседі. Себебі аударма шала, сауатсыз, мектептегі білім деңгейіндегі адам аударма салғандай әсер қалдырады.

– Бұл жерде әркім өз білгенінше істей берсін деп айта алмайсың. Өйткені тіл – жеке адамның ғана емес, бүкіл ұлттың мәселесі. Осы тақырыпты қозғасаң, бірден «қазақша сөйлешник» деп шығара қоятындр табылады. Олай болмауы керек қой. Мәселен, қазіргі қазақша субтитрлердің көпшілігі тек заң талабын орындау үшін жасалады. Шынайы қажеттілік пен тілге құрмет сезілмейді. Оны жасап жатқан адамдардың өзі «Әйтеуір тұр ма – тұр» деп қарайды. Бірақ мен қазақша субтитр болмаса, фильмнің мазмұнын мүлде түсінбейтін адамдарды білемін. Солар үшін сапалы аударма жай формальдылық емес, жалғыз мүмкіндік, – дейді Мұрат Есжан.

Кино – қоғам ойын өзгерте-тін, құндылық пен адамгершілік идеясын оятатын күшті насихат құралы. Адамның талғамы әр кезеңде өзгеріп отыруы заңды құбылыс. Қазір елімізде комедиялық бағыт басым болғанымен, кейін ол үлкен мағыналы жанрларға ұласуы мүмкін. Әзірге ол уақыттың еншісінде қала бермек.

РУХАНИЯТ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Биыл атақты Әміре Қашаубайұлының Париж сахнасында ән шырқап, әлемді тамсандырғанына тура бір ғасыр толып отыр. Бұл сапар – Әміре өнерінің шарықтау шегі ғана емес, оның тағдырына әсер еткен ерекше кезең болды. Алайда осындай маңызды әрі тағдыршешті оқиғаның өзі әлі күнге дейін толық зерттелмей келеді. Әйгілі әншінің өмір жолы жайлы жиі жазылғанымен, шетелдік сапарлары, яғни Франция мен Германияға жасаған гастрольдері туралы нақты деректер өте аз. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз бүгін Әміренің Еуропадағы өнер сапарына назар аударуды жөн көрдік.

Әуелі әйгілі Париж сапарынан бастайық. Әміре Семейден Мәскеуге аттанады. Аталған сапар аясында ол астанадағы Үлкен театрда тағы бір концерт өткізеді. Бұл тек концерт емес, Париж алдындағы соңғы дайындық болса керек. Ұйымдастырушылардың ойынша, әртістер үлкен сахнада, қарасы көп халықтың алдында өнер көрсетіп, машықтанып алуы қажет. Ал жағдайды бағамдап, дұрыс-бұрысын қарап отыратын Луначарскийдің өзі және атақты акын Маяковский. Бұл концерт туралы сол кездегі орталық басылым – «Правда» газетінің 1925 жылғы 26 маусымдағы санында жазылған. Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» еңбегінде Әміре бұл концертте «Ағаш аяқ» әнін айтқан деп жазады. Әнші әннің алғашқы нотасын айтқан кезде, залдың алдыңғы қатарында отырған бір көрермен шошып кетіп, «Мынау ғажап дауыс кой!» деп танырқапты.

Бұл кезде Әміре Мәскеуде тұрып жатқан Алаш көсемі Әлихан Бөкейханмен де кездескен екен. Қазақтың ұлттық өнерін шетелге таныстырып жүрген Әміреге Әлихан ағалық ақылын айттып, шығармашылық жолына сәттілік тілеп, ақ батасын берген деседі. Кейін бұл кездесу жайлы Әлихан Ахмет Байтұрсынұлына жазған хатында арнайы атап өтеді.

Әміре осылайша, барлық сыннан өтіп, КСРО өкілдері құрамында Парижге жол тартады. Парижге делегация тоғызыншы шілдеде барып, орталықтағы «Дария» қонақүйіне орналасады. Әміре бастаған топ бар-жоғы 11 концерт қояды. Бұл концерттер жайлы мәлімет көп емес. Десе де Франция Ұлттық кітапханасы архивінің сайтында La semaine a Paris, Comoedia газеттерінің сол кездегі мұрағаттық сандарын таптық. Ол жерде Semaine d'Art ethnographique russe (Орыс этнографиялық өнерінің сеанстары) концерті Сан-Жорж көшесі, 51 Salle Comoedia ғимаратында өтетіні көрсетілген. Концерттер 10-11 және 17-18 шілдеге (бұл аптаның жұма және сенбі күндері) жоспарланған. Сонымен қатар бір мақалада музыкатанушы Поль Ле Флемнің Әміре жайлы пікірі де берілген.

Француз музыкатанушысы Әміре Қашаубаевтың орындауындағы қазақ даласының әндерін батыс тыңдарманы үшін ерекше, табиғи әрі шынайы деп сипаттайды. Оның айтуынша, бұл әуендер тыңдаушыны кең дала поэзиясына жетелейді. Домбыраның жұмсақ үні мен қазақ әндерінің өзіндік әуезі Еуропа музыкасына үйренген құлаққа тосын әрі түсі-

Даладан ЖЕТКЕН ДАУЫС



ніксіз көрінуі мүмкін. Мұндай әндерді шынайы түсіну үшін Еуропа музыка теориясы ережелері мен қалыптасқан тыңдау дағдыларынан бас тарту қажет. Батыс музыкасы ұстанатын қатаң жүйе мұндай еркін әрі табиғи сазды қабылдай бермейді деп қорытындылайды.

Әміре Парижде жүргенде жазушы Ромен Роллан, журналист Анри Барбюст, Сорбонна университетінің профессоры Юбер Перно секілді зиялылармен кездескен. Соңғысы қазақтың Әміресі мен башқұрттың қурайшысы (сыбызғышы) Жұмабайды арнайы фонографқа жазып алғанын атап өтеді Жаркын Шәкәрім.

Жоғарыда жазғанымыздай, концерттер жұма және сенбі күндері өткен. Осы концерттерде Әміре Париж сахнасында «Балқадия», «Ағашаяқ», «Дударай», «Қараторғай», «Қызыл бидай» және «Үш дос» әндерін шырқаған екен. Қалған күндері Әміре каланы көріп, қыдырғаны анық. Сондай бір күндері әйгілі Эйфель мұнарасына Мұстафа Шоқаймен көтеріліп, каланы тамашалаған. Сол күні Мұстафа «Кешкі асқа келіндер,



1981) Әзербайжанның алғашқы опера әншісі, Баку өнер университетінің директоры; башқұрт сыбызғышысы Жұмабай Есенбаев (1891-1943) өз елінде қурайшылық (сыбызғышылық) өнердің кәсіби негізін қалаған, башқұрт белсендісі Зәки Уәлиди мен байланысы бар деп репрессияға ұшыраған. Кейін соғысқа аттанып, Воронеж түбінде қайтыс болды; өзбек бишісі Тамара Ханым (1906-1991). «Ханым» деп лақап аты болса керек. Негізгі тегі Петросян. КСРО Халық Әртісі. Өзбек биінің бүгінгі жетістігі осы Тамара Ханымның арқасы деп жазады зерттеушілер; Григорий Любимов бастаған домрашылар (домбырашы деп шатастырмаңыз) квартеті (төрт адамды ансамбль); Мұхитдин Кари-Якубов (1896-1957) өз уақытында өзбектің Шалапині атанған опера әншісі. Совет Одағы орнағанға дейін Түркістан автономиясының белсенді мүшесі болған; сонымен қатар орыстың қос бұлбұл әншісі Анатолий Довило (1893-1965) мен Ольга Ковалева (1881-1962).

Шамамен шілде айының соңында делегация елге қайтады. Ал Әміре тамыздың 20-сы күні Семейге келіп жетеді.

1927 жылы әнші шетелге тағы шақырту алады. НКВД-ның қатал бақылауында жүргенімен, Мәскеуден келген бұйрыққа қарсы шыға алмай жергілікті басшылық әншіні екінші сапарға да аттандырады. Бұл Германияның Франкфурт қаласы болатын. Егер алғашқы Париж сапары жайлы қазақ баспасөзінде азды-көпті жазылған болса, екінші Германияға сапары жайында дерек мүлдем жоқтың қасы.

Әуелі іс-шараның өзіне тоқталып өтейік. Ресми атауы The International Exhibition in Frankfurt, Music in the Life of the People. Қазақшалап «Дүниежүзілік музыка көрмесі». Ахмет Жұбановтың жазуынша, көрме шілде айының 22 мен 31 аралығында өткен екен. Ол сапарға Ақтөбеде жүрген жерінен аттанады. Бұл жайлы Серке Қожамқұлов өз естелігінде «Ақтөбеде концерт қойып жүргенімізде, Әміре Франкфуртка бару керек деген хабарды естіген. Әміре сол мезетте бірден жолға шығып кетті», — деп жазған.

Біз сол Франкфуртта өткен шараны ұйымдастырушылар жайлы ақпаратты таптық. Өздерін ISCM деп таныстыратын ұйым дүниежүзілік заманауи музыканы насихаттаумен айналысады екен. Олар 1923 жылдан бастап, жыл сайын әртүрлі қалада

фестиваль ұйымдастырып жүрген көрінеді. Ең алғашқысы Зальцбургте өтсе (1923 ж.), 2023 жылы Оңтүстік Африкадағы Йоханнесбургте, 2024 жылы Фарер аралдарында өткізілті.

Бұл сапар жайлы Әміреге қатысты ақпарат аз болса да, жалпы Кеңес үкіметі делегациясы жайлы сол кездегі баспасөз өте көп жазған екен. Мұрағаттағы 1927 жылғы шілде, тамыз айларындағы неміс баспасөзін қарап отырып, осыған көзіміз жетті. Мысалы, Arbeiter Zeitung, Deutsche Allgemeine Zeitung, Frankfurter Zeitung сияқты бірнеше газет Кеңес делегация жайлы жалпылама мәліметтер беріп отырды.

Ал орыстілді баспасөзде тек бір ғана материал табылды. Мәскеуде шығатын «Рабис» деп аталатын журналдың 1927 жылғы қыркүйек айындағы 34 нөмірінде белорус әншісі Ирма Яунзем Франкфурт сапары жайлы азды-көпті тоқталған екен. Мақала авторы фестивальға түрлі ұлт өкілі қатысқанын, кімнің не көрсеткенін, тіпті Моцарт пен Бетховеннің өз қолымен жазған нота қолжазбалары жайлы жазған. Бір іліп алатыны, осы мақаладан біз Әміре бастаған топтың 9 концерт бергенін және сол концерттер «Франкфурт опера» (Frankfurt opera) залында өткенін білдік.

Сөз соңында ел арасында жүрген бір дерекке тоқталып кетейік. Әміренің Франкфурт сапарында дауысын арнайы дыбыс жазу құралына басып алыпты-мыс. Бұл жайлы өнерпаздың өзі айтып кетті деген естеліктер бар. Сонымен қатар Әміренің сапарласы атанған Саха Оганезавили есімді әнші Вильгельм Деген есімді неміс зерттеушісіне өзі орындаған ән-күйлерін (кавказдың домбырасы — кеманчада) жазып қалдырған екен. Бұл жайлы нақты құжатты көрдік. Бұл жазбалар бір дерек бойынша Гумбольдт университетінің дыбыс мұрағатында сақталды десе, тағы бір деректе жазбалар Берлин мемлекеттік кітапханасында бар дейді. Осы сияқты башқұрт сыбызғышысы Жұмабайды да осы уақытта таспалап алды дейді. Яғни, Әміренің дауысы тағы сақталған бір жер болса, ол Германия болуы әбден мүмкін.

Әміре Қашаубаевтың шетел сапарларына қатысты деректер бүгінде үзік-үзік күйде ғана сақталған. Соған қарамастан, бұл мәліметтердің тарихи маңызы аса жоғары. Әміренің өнері арқылы қазақ мәдениетінің шетелге алғаш танылғанын ескерсек, бұл сапарларды жан-жақты зерттеу — ұлттық музыкатанудың өзекті міндеттерінің бірі. Осы жазбаны ұсынып отырып, біз Әміретану ғылымына өз тарапымыздан аз да болса үлес қосуды мақсат еттік. Алайда бұл бағыттағы басты өкініш бар. Ол Әміренің Франция мен Германиядағы өнер көрсеткенін айғақтайтын толыққанды құжаттардың, әсіресе дыбыс таспаларының жоқтығы. Сондықтан келешекте атқарылар ең маңызды істердің бірі — осы құнды деректерді іздеп тауып, ғылыми айналымға енгізу болмақ.

Рүстем НҮРКЕНОВ,
өнер зерттеушісі

АЙҚЫНДАМА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бейнеу — Бозой - Шымкент-2» ЖШС «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбырының екінші желісін салу» жобасына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдар бойынша ашық отырыс нысанындағы қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарлайды.

Әсер тию мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумақтар — Түркістан облысы, Түркістан қ., Шорнак а.о., Бәйдібек, Ордабасы, Түлкібас, Сайрам, Отырар аудандары.

учаскенің географиялық координаттары 43°32 '22.27»СШ, 67°47'10.02»ВД

әсер ету аумағының географиялық координаттары 43°32 '22.27»СШ, 67°47'10.02»ВД

Газ құбырының жобаланатын трассасы «ГБШ» ЖШС-тың жұмыс істеп тұрған газ құбырының трассасына параллель орналасқан.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Бейнеу — Бозой - Шымкент-2» ЖШС, БСН 000340002165, Астана қ., Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көш., 12 Байланыс тұлғасы 8-701-732-11-53 Сейтмағамбетов Қайрат Бисембаевич

Жоба әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері — «КАЗИПРОНЕФТЕТРАНС» ИК» ЖШС (КГНТ), Алматы қ., Райымбек даңғылы, 160а үй, тел. +7 (727) 258-35-67.

Жоба жөніндегі құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпаратты алу үшін +7(727) 258-35-67 телефоны бойынша хабарласуға болады, әл. мекенжай: info@kgnt.kz

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын жіберетін жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала, ы/а, 32 көш., 20, тел. 8(72533)59849, a.erkebai@ontustik.gov.kz

КТ өткізу күні мен уақыты	КТ өткізу орны	Онлайн қосылу үшін сілтеме:
12.09 сағат 10:00	Түркістан облысы, Шорнак а., Темірбаев көш., 30 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://zoom.us/j/3083907792?pwd=SaZRxaWEyE5bhc0WVlgGrVaTi5GicP.1 Конференцияның сөйкестендіргіші: 308 390 7792 Қосылу коды: Gzt38M
11.09 сағат 10:05	Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Әмір-Темір көш., 28 үй, Түркістан қаласы әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://zoom.us/j/3083907792?pwd=SaZRxaWEyE5bhc0WVlgGrVaTi5GicP.1 Конференцияның сөйкестендіргіші: 308 390 7792 Қосылу коды: Gzt38M
17.09 сағат 10:00	Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян а., Б. Қарашаулы көш., 51 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://zoom.us/j/6561672932?pwd=Q3NCTUFNUeW0cno4WVhjS3J3enVoUT09 Конференцияның сөйкестендіргіші: 6561672932 Қосылу коды: 20465
16.09 сағат 10:00	Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шауілдір а., Жібек Жолы даңғылы, 25 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://zoom.us/j/6561672932?pwd=Q3NCTUFNUeW0cno4WVhjS3J3enVoUT09 Конференцияның сөйкестендіргіші: 6561672932 Қосылу коды: 20465
15.09 сағат 10:00	Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан а., Т. Рысқұлов көш., 14 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://zoom.us/j/3083907792?pwd=SaZRxaWEyE5bhc0WVlgGrVaTi5GicP.1 Конференцияның сөйкестендіргіші: 308 390 7792 Қосылу коды: Gzt38M
11.09 сағат 10:00	Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсуент а.о., Ақсу а., Ұлы Жібек Жолы даңғылы, 95 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://us06web.zoom.us/j/5274203802?pwd=KBanSjt7JSdnALNkuUOe34CkayV5QW.1 Конференцияның сөйкестендіргіші: 5274203802 Қосылу коды: 20365
12.09 сағат 12:00	Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Тұрар Рысқұлов атындағы ауыл, Т.Рысқұлов көш., 201 үй, ауыл әкімдігінің «Мәжіліс залы»	https://us06web.zoom.us/j/5274203802?pwd=KBanSjt7JSdnALNkuUOe34CkayV5QW.1 Конференцияның сөйкестендіргіші: 5274203802 Қосылу коды: 20365

«АМАНАТ» партиясының 2024 жылдың кірістері мен шығыстары туралы есеп

БЕКІТІЛДІ
«АМАНАТ» партиясының
Саяси кеңесі Бюросының
2025 жылғы 25 шілде №004 PQ қаулысымен

Көрсеткіштің атауы	2024 жыл
КІРІСТЕР:	
I. Коммерциялық емес қызметтен	14 001 143
Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру	8 750 351
Партиялық жарналар	2 306 351
Демеушілік және қайырымдылық көмек	49 574
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы	2 894 867
II. Коммерциялық қызметтен	1 100 598
Жалға беруден табыс	1 095 272
Басқа табыстар (біржолғы)	5 326
Кірістің барлығы	15 101 741
III. Өткен жылдардың профиттің (кірісін) пайдалану	
Өткен жылдары жинақталған бюджеттік қаражат	25 210
Өткен жылдары жинақталған меншікті қаражат	944 141
Профиттің барлығы	969 351
Барлығы	16 071 092
ШЫҒЫСТАР:	
Еңбекакы төлеуге және әлеуметтік төлемдерге шығыстар	7 692 024
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді күтіп-ұстауға және қызмет көрсетуге шығыстар	1 664 270
Іссапар шығындары	86 097
Жалдау ақысының шығындары	43 974
Байланыс қызметтеріне шығындар	91 673
Сактандыру мен консультациялық қызметтерге шығындар	21 731
Салыктар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	1 041 393
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	1 603 825
Ақпараттық сүйемелдеу	1 493 572
Енішілес ұйымдарды қаржыландыру	583 651
Демеушілік және қайырымдылық көмек	722 903
Күрделі салымдар	233 611
Партияның рәміздері	8 296
Сайлау жарналары мен қорлары	9 680
Басқа шығындар	774 392
Шығыстың барлығы	16 071 092

«АМАНАТ» партиясының 2024 жылғы кірісі мен шығысы туралы есепке түсіңірілме жазба

«АМАНАТ» партиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, партияның Жарғысына, Саяси тұғырнамасына және Бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша партия мүшелерінің саны 819 798 адамды құрайды.

Партия Орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1.

Есепті қалыптастыру әдісі. Партияның кірістері мен шығыстары туралы есеп қасалық әдіспен қалыптастырылған, ұлттық валюта — теңгемен, өлшем бірлігі — мың теңге.

2024 жылғы кірістері мен шығыстары туралы есеп партияның Орталық аппараты, 20 аймақтық (Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстар), 207 аумақтық (оның ішінде, 182 аудандық

және 25 қалалық) филиал, ірі бастауыш партия ұйымдарында құрылған 8 филиал және партия құрған немесе оның қатысуымен құрылған ұйымдар бойынша деректерді қамтиды.

2024 жылғы кірістер мен шығыстар туралы есеп «АМАНАТ» партиясы Саяси кеңесі Бюросының шешімімен бекітілген (2025 жылғы 25 шілде № 004PQ қаулысы).

Партия құрған немесе оның қатысуымен құрылған ұйымдар. Партияның құрылымында өз қызметін мынадай коммерциялық емес ұйымдар (жекеменшік ұйымдар) жүзеге асырады: «АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институты» және «АМАНАТ» партиясының Саяси менеджмент академиясы». Сондай-ақ партия 2 коммерциялық ұйымның 100% меншік иесі болып табылады: «АМАНАТ» партиясының Шаруашылық басқармасы» ЖШС (бұдан әрі — Шаруашылық басқармасы) және «АМАНАТ MEDIA GROUP» ЖШС (бұдан әрі — Холдинг).

Шаруашылық басқармасы қызметінің негізгі бағыттары партияның қызметін сервистік-қоғемкші қамтамасыз ету, ғимараттарға қызмет көрсету, сондай-ақ полиграфиялық қызмет.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd. уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к проекту «Строительство второй нитки магистрального газопровода «Бейнеу-Бозой-Шымкент».

Территория, на которую может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания — Туркестанская область, г. Туркестан, Шорнакский с.о, Байдыбекский, Ордабасинский, Толькубасский, Сайрамский, Отрарский районы.

географические координаты участка 43°32 '22.27»СШ, 67°47'10.02»ВД

географические координаты территории воздействия 43°32 '22.27»СШ, 67°47'10.02»ВД

Проектируемая трасса газопровода расположена параллельно трассе существующего газопровода ТОО «ГБШ».

Инициатор намечаемой деятельности: Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd. БИН 000340002165, г. Астана, район Есиль, улица Алихан Бокейхан, 12 Контактное лицо 8-701-732-11-53 Сейтмағамбетов Қайрат Бисембаевич

Реквизиты и контактные данные разработчиков проекта — ТОО ИК «КАЗИПРОНЕФТЕТРАНС» (КГНТ), г. Алматы, пр. Райымбека, д. 160а, тел. +7 (727) 258-35-67.

Документация по проекту размещена в разделе «Общественные слушания» на <https://ndbecology.gov.kz> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Для получения дополнительной информации обращаться по телефону +7(727) 258-35-67, эл адрес: info@kgnt.kz

Местный исполнительный орган, которому заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, город Туркестан, Мкр. Жаңа Қала, Ул. 32, Злд. 20, тел. 8(72533)59849, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Дата и время проведения ОС	Место проведения ОС	Ссылка на онлайн подключение:
12.09 в 10:00	Туркестанская область, с.Чернак, улица Темирбаева, дом 30, «Мажилис зал» акимата села	https://zoom.us/j/3083907792?pwd=SaZRxaWEyE5bhc0WVlgGrVaTi5GicP.1 Идентификатор конференции: 308 390 7792 Код доступа: Gzt38M
11.09 в 10-05	Туркестанская область, г. Туркестан, улица Амир-Темир, дом 28, «Мажилис зал» акимата города Туркестан	https://zoom.us/j/3083907792?pwd=SaZRxaWEyE5bhc0WVlgGrVaTi5GicP.1 Идентификатор конференции: 308 390 7792 Код доступа: Gzt38M
17.09 в 10.00	Туркестанская область, район Байдыбека, с. Шаян, улица Б.Қарашаулы, дом 51, «Мажилис зал» акимата села	https://zoom.us/j/6561672932?pwd=Q3NCTUFNUeW0cno4WVhjS3J3enVoUT09 Идентификатор конференции: 6561672932 Код доступа: 20465
16.09 в 10.00	Туркестанская область, Отрарский район, с.Шаульдер, проспект Жибек Жолы, дом 25, Актөвий зал» акимата села	https://zoom.us/j/6561672932?pwd=Q3NCTUFNUeW0cno4WVhjS3J3enVoUT09 Идентификатор конференции: 6561672932 Код доступа: 20465
15.09 в 10.00	Туркестанская область, Ордабасынский район, с.Темирлановка, улица Т. Рыскулова, дом 14, «Мажилис зал» акимата села	https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZ_DZtbXJnTkNRUT09 Идентификатор конференции: 308 390 7792 Код доступа: Gzt38M
11.09 в 10.00	Туркестанская область, Сайрамский район, Ақсуентский с.о., с.Ақсу, проспект Улы Жибек Жолы, дом 95, «Мажилис зал» акимата села	https://us06web.zoom.us/j/5274203802?pwd=KBanSjt7JSdnALNkuUOe34CkayV5QW.1 Идентификатор конференции: 5274203802 Код доступа: 20365
12.09 в 12.00	Туркестанская область, Тюлькубасский район, с.им.Тұрара Рыскулова, улица Т. Рыскулова, дом 201, «Актөвий зал» акимата села	https://us06web.zoom.us/j/5274203802?pwd=KBanSjt7JSdnALNkuUOe34CkayV5QW.1 Идентификатор конференции: 5274203802 Код доступа: 20365

Холдинг партияның медиа активі болып табылады, оның құрамында партиялық республикалық баспа басымдары, теле- және радиоарналар, сондай-ақ интернет-ресурстар бар.

«АМАНАТ» партиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының бағдарламалық құжаттарына, «Жастар Рухы» Жарғысы мен Бағдарламасына сәйкес жүзеге асыратын «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігіне демеушілік көмек көрсетеді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жастар қанаты мүшелерінің саны 105 000 адам құрады.

I. 2024 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕР

Партияның кірісі 15 101 741 мың теңгені құрады, оның ішінде коммерциялық емес қызметтен түскен табыс — 14 001 143 мың теңге, коммерциялық қызметтен түскен табыс — 1 095 272 мың теңге, өткен жылдардың профиттің (кірісін) пайдалану — 969 351 мың теңге.

Түсімдер мына көздерден қалыптасады:

- республикалық бюджеттің қаражаты;
- партиялық жарналар;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс (активтерді басқару, үй-жайларды жалға беру және т.б.);
- Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік емес ұйымдарының қайырымдылықтары және т.б.;
- өткен жылдары жинақталған бюджеттік және меншікті қаражат (профитті пайдалану).

1. Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландырудан түскен кіріс 8 750 351 мың теңгені құрады.

Мемлекеттік қаржыландыру Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 166/314 қаулысымен бекітілген Саяси партияларды қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет қаражаты жыл сайын сайлау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде өкілдік ететін жұмсал саяси партияларға бөлінеді.

Бюджет қаражатының мөлшері сайлаудың қорытындылары бойынша Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін саяси партияларға дауыс беру кезінде берілген әрбір сайлаушы дауысы үшін ең аз жалақы мөлшерінің үш пайызын ескере отырып айқындалады.

Сайлау қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінде ұсынылған Саяси партиялар үшін дауыс беру кезінде берілген сайлаушының әрбір дауысы үшін саяси партияларды қаржыландыру мөлшері 2 550 теңге деңгейінде бекітілді.

2. Партиялық жарналардан кірістер 2 306 351 мың теңгені құрады. 2024 жылғы ай сайынғы партиялық жарналар партияның Жарғысында мына мөлшерде анықталды:

еңбекке жарамды жастағы жұмыс істейтін азаматтар — Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,01 мөлшерінде және партия мүшесінің өз қалауы бойынша одан да жоғары (39,3 теңге);

студенттер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тыңдаушылары — Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,01 мөлшерінде және партия мүшесінің өз қалауы бойынша одан да жоғары (39,3 теңге);

Зейнеткерлер, мүгедектер, жұмыс істемейтіндер, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстағы тұлғалар мүшелік партиялық жарналарды төлеуден босатылады.

3. Демеушілік және қайырымдылық көмектің сомасы 49 574 мың теңгені құрады. Заннамаға сәйкес партияға қайырымдылықтар Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарынан ғана қабылданады.

4. Салымдар бойынша сыйақы сомасы 2 894 867 мың теңгені құрады. Барлық салымдар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған. Шетелдік банктерде партияның шоттары мен салымдары жоқ.

5. Жалға беруден түскен табыс 1 095 272 мың теңгені құрады.

6. Басқа табыстар 5 326 мың теңгені құрады.

Есепті жылдың ішінде 969 351 мың теңге мөлшерінде қалыптасқан тапшылықты өтеуге өткен жылдардың кірісі пайдаланды.

II. 2024 ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫСТАР

Партияның шығысы 16 071 092 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Еңбекакы төлеуге және әлеуметтік төлемдерге шығыстар 7 692 024 мың теңгені құрады. Бұл бапта партия Орталық аппараты мен 235 филиалының штаттық қызметкерлеріне, сондай-ақ техникалық персоналға еңбекакы төлеу шығыстары көрсетілген.
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді күтіп-ұстауға және қызмет көрсетуге шығыстар 1 664 270 мың теңгені құрады. Бұл бап негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді күтіп-ұстауға шығыстарды, коммуналдық шығындарды, ғимаратты ағымдағы жөндеуге, қызмет көрсететін персоналдың ақысын төлеуге, запастар мен материалдарға шығындарды, ғимараттардың қауіпсіздігі бойынша шығыстарды және т.б. қамтиды.
- Іссапар шығындары 86 097 мың теңгені құрады. Бұл бапта партия Орталық аппараты мен филиалдары қызметкерлерінің жолақы, тәуліктік және қонақүй шығындары көрсетілген.
- Жалдау ақысына шығындар 43 974 мың теңгені құрады, бұл партия филиалдары үшін үй-жайлар мен автокөліктерді жалға алумен байланысты.
- Байланыс қызметтеріне шығындар 91 673 мың теңгені құрады. Бұл бапка партия Орталық аппараты мен филиалдарының интернет, жергілікті және халықаралық байланыс қызметтеріне шығындары енгізілген.
- Сактандыруға және консультациялық қызметтерге шығындар 21 731 мың теңгені құрады.
- Салыктар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер 1 041 393 мың теңгені құрады. Аталған бапта корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын, көлік және мүлік салықтарын, әлеуметтік, жер салықтарын, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды және салық заңнамасына сәйкес бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығыстар көрсетілген.
- Іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге шығындар 1 603 825 мың теңгені құрады. Аталған бапта партия Орталық аппараты мен филиалдарының партиялық іс-шараларын, оның ішінде атом электр стансаларын салу жөніндегі референдумға үгіт-насихат іс-шараларын, Саяси кеңес пен Бюро отырыстарын өткізуге жұмсалған шығыстар көрсетілген.
- Ақпараттық сүйемелдеуге шығындар 1 493 572 мың теңгені құрады. Аталған бапта партияның қызметін ақпараттық қолдау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында тапсырыстарды орналастыруға шығындар көрсетілген.
- Енішілес ұйымдарды қаржыландыруға шығындар 583 651 мың теңге сомасында қалыптасты және «АМАНАТ» партиясының Қоғамдық саясат институты және «АМАНАТ» партиясының Саяси менеджмент академиясы» жеке меншік мекемелеріне бөлінген қаражаты қамтиды.
- Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету шығындары 722 903 мың теңгені құрады. Аталған қаражат «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігіне жарғылық қызметті жүзеге асыруға және жастарға арналған әлеуметтік жобаларды, оның ішінде, «QAISAR» әскери-патриоттық жобасын, Халықаралық жастар саяси лагерін, «РУХТАСТАР» партиясының «Жастар Рухы» ең үзілік белсенділері мен еріктілерін марпаттауға арналған сыйлығын табыстар рәсімін өткізуге бөлінді.
- Күрделі салымдар 233 611 мың теңгені құрады. Бұл бапта кенсе техникасын, материалдық емес активтерді және партия қажеттіліктері үшін автокөліктерді сатып алуға шығындар көрсетілген.
- Партияның рәміздеріне шығындар 8 296 мың теңгені құрады. Аталған бапта партиялық билеттерді, партия логотипінен жалауларды және басқа да рәміздерді шығаруға, жартылау жұмсалған шығындар көрсетілген.
- Сайлау жарналары мен қорларына шығындар 9 680 мың теңге құрады. Аталған бапта ауылдық округтердің әкімдерін сайлауға сайлау жарналарын енгізуге партияның шығындары көрсетілген.
- Өзге шығындар 774 392 мың теңгені құрады. Бұл бапта партия Орталық аппараты мен филиалдарының сыртқы жарнама, полиграфиялық қызметтер және басқа шығындар бойынша шығыстары, сондай-ақ партиялық жобаларды жүзеге асыру үшін бастауыш партия ұйымдарына партиялық жарналардан 20% қайтарылуы (438 425 мың теңге) көрсетілген.

МЕЖЕ

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында белгіленген стратегиялық бастамаларды іске асыру мен Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасын орындау мақсатында Қаржы министрлігі шекара маңындағы кедендік инфрақұрылымды жаңғыртудың кешенді бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Бірінші кезеңде ҚХР және Өзбекстанмен арадағы шекаралық аймақтарда төрт заманауи өткізу пункті пайдалануға берілді. Осы арқылы жүктердің ағыны едәуір артып, сыртқы экономикалық қатысушылардың жағдайы жақсара түсті.

Маңғыстау облысына жасаған жұмыс сапарында Қаржы министрлігінің аппарат бас-

ШЕКАРА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРДЫ



шысы Ернар Ержанов Мемлекеттік кірістер комитетінің басшылығымен бірлесіп, «Тәжен»

және «Темір баба» шекаралық өткізу пункттерін аралап көрді.

«Темір баба» өткізу пункті — Қазақстанның Түрікменстан Республикасымен шекарасында орналасқан жалғыз автомобиль өткізу пункті. Оның географиялық орналасуы шетелдік тасымалдаушыларға Түрікменстан арқылы Түркияға, Пәкістанға, Ауғанстанға, БАӘ-ге және басқа елдерге шығуға жол ашып отыр. Яғни, Еуропадан аталған елдерге жөнелтілетін барлық тауар мен азық-түлік «Темір баба» (іргелес пункт — «Гарабогаз») арқылы өтеді. Бұдан басқа, еліміздің аумағына Түркиядан халық көп тұтынатын түрлі тауар мен мұнай-газ өнеркәсібіне арналған жабдықтар импортталады. Түрікменстан мен Пәкістаннан Маңғыстау өңіріне ішкі нарыққа арналған көкөністер мен жемістер жеткізіледі.

«Тәжен» өткізу пункті Қазақстан — Өзбекстан шекарасында, атап айтқанда еліміздің батысында жатыр. Бұл жер Орталық Азияны Ресеймен және Еуропамен байланыстыратын өңірдегі жалғыз автомобиль өткізу пункті болып есептеледі. «Тәжен» арқылы негізінен Ресейге және үшінші елдерге (соның ішінде Еуропаға) транзиттік жүктер (90%) өткізіліп келеді, сондай-ақ осы аумақ арқылы Өзбекстаннан Ресейге

енбек мигранттары қатынайды. Бұл нысанда құрылыс және техникалық жұмыстар жүргізіліп жатыр: қозғалыс жолақтары кеңейтіліп, заманауи инспекциялық-тексеру кешендері, автоматты салмақ қондырғылары және цифрлы бақылау жүйелер орнатылып келеді. Жаңғырту жұмыстарына қарамастан өткізу пункті жүктердің тұрақты ағынын қамтамасыз етіп, штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Ернар Ержанов бұл жобалардың іске асырылуын бақылау тиісті жұмыстар толық аяқталғанға дейін тұрақты түрде жүргізілетін атап өтті.

Көшпелі кенестің қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарын жеделдетуге және кеден пункттерінің жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған нақты тапсырмалар берілді. Мердігер ұйымдарға жаңғырту жұмыстарын қарқынды түрде жүргізу үшін қысқа мерзімде ұлғайту жүктелді. Мемлекеттік кірістер комитетіне қажетті жұмыстарды ұйымдастыру кезінде анықталған кемшіліктерге байланысты «Тәжен» және «Темір баба» кеден бекеттерінің басшыларын тәртіптік жауапқа тартуды қарау тапсырылды.

ШОНЖЫДА ЗАМАНАУИ МУЗЕЙ САЛЫНАДЫ


Шонжы ауылында қазіргі заман талаптарына сай заманауи музей салынады. Бұл туралы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Ұйғыр ауданына жасаған жұмыс сапары кезінде айтты.

Жоба аясында ұлттық стильдегі сәулеттік шешімдер, интерактивті көрме залдары, балалар студиясы және лекторийлер қарастырылған. Құрылысты 2025–2027 жылдар аралығында кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарлануда. Жобаның құны — 1,3 миллиард теңге. Құжаттама мемлекеттік сараптамадан өтті.

«Инфрақұрылымдық жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарды насихаттауға ықпал етуі тиіс. Ұйғыр ауданында шамамен 90 мың адам тұрады. Әр тұрғын үшін қолайлы жағдай жасау — біздің басты міндетіміз», — деді облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Сондай-ақ сапар барысында Шырын ауылындағы мектептің қайта жаңғыртылуы барысы да назарға алынды. 2024 жылғы қаңтардағы жер сілкінісінен кейін үш қабатты ғимарат апатты деп танылған. Жаңа мектеп 640 оқушыға арналған, жалпы ауданы — 3 267,6 шаршы метр. Құрылыс жұмыстары ақпан айында басталып, бүгінде 80%-ға аяқталған. Жобаның жалпы құны — 864,5 миллион теңге.

Сонымен қатар, 1976 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Шонжы политехникалық колледжінің инфрақұрылымын жаңарту да өзекті мәселе. Қазіргі уақытта мұнда 302 студент білім алуда, ал келесі оқу жылында олардың саны 327-ге жетуі мүмкін. Колледж директоры Гүлназ Тегісбаеваның



айтуынша, инфрақұрылымды жақсарту білім сапасына оң әсер етіп, жастардың кәсіби әлеуетін арттырады.

Бұл бастамалардың барлығы өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Ұлттық мұраны ұлықтайтын музей, қауіпсіз әрі заманауи мектеп, кәсіби білім сапасын арттыратын колледж — бұлардың барлығы аудан тұрғындарының игілігі үшін іске асырылып жатқан маңызды жобалар.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірдің дамуындағы өзекті мәселелер мен басты басымдықтарды талқылады. Ашық диалог форматында өткен кездесуде тұрғындар жол жөндеу, газдандыру, жастарды жұмыспен қамту және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін де көтерді. Кездесу қорытындысы бойынша тиісті салалық басқармаларға нақты тапсырмалар берілді.

ТАУ БАСЫНДАҒЫ ТАРТЫМДЫ ЖОБА

Алматы облысының таулы аймағында жыл он екі ай демалуға арналған заманауи туристік нысан — Aqtas жобасы іске қосылды. Қиын климаттық жағдайлар мен күрделі рельефке қарамастан, жобаның бірінші кезеңі небәрі 11 айда аяқталды.

Соңғы жылдары Қазақстандағы туризм саласы қарқынды дамуда. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, былтыр қонақүй және курорттық қызметтер көлемі 30%-дан астамға өсіп, салаға салынған инвестициялар 980 миллиард теңгеден асты. Бұл өсімнің маңызды бөлігі Алматы агломерациясының тау кластеріне тиесілі. Дәл осы өңірде, көркем табиғат аясындағы әйгілі Oi-Qağai курорты маңында 2024 жылы жаңа туристік кластер — Aqtas аймағының құрылысы басталды. Ал 2025 жылы ол толыққанды туристік орталыққа айналып, жаңа инвестициялар мен туристерді тартатын нүкте болды.

Жаңа таулы демалыс аймағы теңіз деңгейінен 2 100 метрден жоғары биіктікте орналасқан. Оның басты ерекшелігі — Орталық Азияда алғаш рет іске қосылған 10 орындық гондолалы аспалы жол. Бұл жол кешке дейін жұмыс істеп, қонақтарға күн бату мен түнгі Алматы панорамасын тамашалауға мүмкіндік береді.



2025 жылдың сәуір айынан бастап жобаның келесі кезеңі — 100-ден астам адамға арналған мейрамхана мен конференц-залдың құрылысы қолға алынды. Курорт толығымен қазақстандық кәсіпкер Ерлік Балфанбаевтың жеке инвестициясы есебінен салынуда. Шетелдік қаржы тартылмаған. Қазір салынған инвестиция көлемі 44 миллион АҚШ долларынан асты, ал жобаның жалпы құны 160 миллион доллар деп бағалануда. Барлық кезең аяқталған соң мұнда 1 200-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылып, жыл сайын шамамен 1,6 миллиард теңге салық бюджетке түсетін болады.

Қазақстандық тәжірибеде таулы жерде мұндай ауқымды жобаны 11 айда жүзеге асыру — өте сирек кездесетін жағдай. Биік таудағы логистика мен климаттың қиындығына қарамастан, тиімді жоспарлау мен кезең-кезеңмен іске асырудың арқасында 2025 жылдың 1 наурызында

аспалы жол алғашқы туристерді қабылдап, бизнес алғашқы кірісін түсіре бастады.

Алдағы айларда Aqtas аймағында бугельді көтергіш, глэмпинг, алып өткеншектер мен катапульталық сынды экстремалды аттракциондар іске қосылады. Бұл нысанның жазда да, қыста да тартымды болуына жол ашды. Aqtas жобасы — Қазақстанда жеке бизнес пен тиімді басқару арқылы халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті туристік өнім жасау мүмкін екенін көрсететін жарқын мысал. Курорттың экономикалық үлесі де айтарлықтай: 2023 жылы салық түсімі 800 миллион теңгеден, ал 2024 жылы 1,5 миллиард теңгеден асты. Ішкі туризмді дамыту — енді тек шикізаттық экономикаға балама емес, жоғары әлеуеті бар дербес салаға айналуға. Aqtas — осы үрдістің нақты дәлелі әрі еліміздің өзге аймақтарында да кеңінен таратуға болатын табысты тәжірибе.

ДОДА

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Күні кеше клубка Мұрат Ағыбаев есімді азамат басшы болып тағайындалды. Мұрат Жұмақожаұлының еңбек өтіліне қарасаң 2017 жылы Қазақстан футбол федерациясында маман болған. Кейіннен бас мамандыққа көтеріліп, 2023-2024 жылдары федерацияда спорттық департамент директоры қызметін атқарады. Сондай-ақ футбол лигасының спорттық директоры лауызымын да қатар алып жүрген. Осындай еңбектеріне Қазақстан футбол федерациясы президенті мен футбол лигасы президентінің «Футболды дамытуға қосқан үлесі үшін» грамоталары табыс етілген. Тіпті, коронавирус дерті өршіп тұрған кезде біріншілікті тиянақты ұйымдастырғаны үшін арнайы құрметтелген. «Қазақстан футболына 100 жыл» медалін де кеудесінде жарқыратқан. Бір сөзбен айтқанда, осындай білікті кадр «Таразды» тұңғыықтан алып шығу керек болатын. Өз кезегінде жана директоры клубтың 450 миллион теңгедей қарызын жабуға уәде етіп, команданы жеңіске жетелеуге күш саламын деген-ді. Алайда басшының уәдесі сылдыр суға, одан әрі бұға айналғалы тұрғандай. Олай дейтіміз — дәл қазір «Таразға» премьер-лига түгілі, бірінші лигада қалу мұн болып тұр.

Негізі, «Тараз» клубы байырдан мықты ойыншылардың ұстананасы саналады. Жас футболшыларды шындауда алдыңғы қатардан көрініп, бүгінде клуб базасында 400-ге жуық жас жеткіншек доп теуіп жүр. Олардың жасы 8-16 жас аралығында болса, талантты жастардың шоғыры 8 жастан жасақталуда. Міне, осы тәлімгерлердің арасынан 25 үздік ойыншы іріктеліп, екінші лигада өнер көрсеткен-ді. Алайда «Тараздың» негізгі құрамының өзі төменгі лигада ойнайтындықтан биыл екінші лигалық құрам тарап кетті. Бұл байырдан жалғасып келе жатқан ізбасарлық жүйенің бұзылғаны.

Негізі, осыдан екі жыл бұрын «Тараз» футбол клубының қарызы миллиардтан асып кеткен. Сол тұста жақсы ойыншылардың барлығы клубтан кетіп, команда бірінші лигада ойнауға мәжбүр болған. Клубтың спорттық директоры Ғабит Қазыбековтың айтуынша, қазіргі мақсат осы қарыздан құтылып, командағы жоғарғы лигаға қайта шығару екен.

— Алда тұрған мақсат — қарызды жауып, келесі жылы премьер-лигада өнер көрсету. Ол үшін команданы күшейтеміз. Сыртта жүрген жамбылдық ойыншы-

«Тараз» футбол клубының басына үйірілген бұлт сейілер емес. Былтыр жоғары лигамен қош айтысқан команда төменгі топта да тұк тындырмады. Турнир кестесінде 12-орынға бір-ақ құлдырап, жанкүйерді жерге қаратты. Ал ең қызығы, клубта қанша басшы ауысса да «баяғы жартас сол жартас» күйі қалып, алға жылжудың орнына кежегесі кейін тартып келеді.

ТҰҢҒИЫҚҚА БАТҚАН «ТАРАЗ»

КЛУБТЫ ТЫҒЫРЫҚТАН
КІМ ШЫҒАРАДЫ?



ларды өзімізге алдырмақпыз. Мәселен, қазір премьер-лигада доп теуіп жүрген Еркебұлан Тойбеков, Жалғас Жақсылықов, Максат Әмірхановпен сөйлесіп, командаға шақыруды бастап кеттік. Бір кездері «Тараздың» сұрмергені атанған Абылайхан Жұмабек қазір «Ордабасы» командасында ойнап жүр. Ол ойыншыны да шақырып жатырмыз. Бірақ олардың премьер-лигадан бірінші лигадағы командаға келуі көп келіссөзді қажет етуде. Себебі жалақы мәселесінде едәуір айырмашылық бар. Алдымызда осындай қиындықтар тұрса да, біз оны енсеруге күш саламыз.

Тағы бір ерекше айта кетерлігі, қазір Қазақстан премьер-лигасында 25 тараздық футболшы доп теуіп жүр. Командамыз жоғарғы лигаға өтпесе де, жеке-леген ойыншылар жоғарғы лигада ойнауда. Ал «Тараз» командасы сапындағы Санжар Кемелбек пен Нұрәулет Орынбасар Қазақстан жастар Ұлттық құрамасына алынды. Бұл да үлкен жетістік. Осындай талантты футболшыларды түлеткен «Тараздың» алар асуы әлі алда деп сенемін, — дейді клубтың спорттық директоры.

Иә, сенім болғаны әрине дұрыс. Алайда әрекет те қажет. Бұл орайда «Тараз» футбол клубына

жұлдызды ойыншының бірі Ұлан Қонысбаевтың қайта оралғаны жанкүйерлерді қуантқаны анық. Бірақ Ұлан бұл жолы клубқа ойыншы емес, спорттық директор болып келіп отыр. Яғни, оған енді талантты ойыншыларды тауып, командаға тарту міндеттелуде.

Негізі, Ұлан Қонысбаевтың тәжірибесі жоқ дей алмайсың.

есебімен жол бердік. Осылайша, бес ойында бар болғаны 2 ұпайға ғана қол жеткіздік.

Содан кейін де ойынымыз оналған жоқ. Сырт алаңда «Экибастуз» командасына 1:4, «Қайрат Алматы-2» командасына 1:3 есебімен ұтылды. Ол аз десеніз, 4 шілде күні өз алаңымызда Қарағандының «Шахтеріне» 4:0 есебімен ойсырай тізе бүктік. Одан соң сырт алаңда «Ақас» клубына 1:3 есебімен жеңіліп, өз алаңымызда «Академия Оңтүстік» команда-сымен 1:1 есебімен тең таркастық. Бір сөзбен айтқанда, «Тараз» биылғы жылдың бірінші айналым ойындарын 14 коман-даның ішінде 12-ші орынмен аяқтап, жерге қаратты.

Бірінші лиганың көшін бастап тұрған «Каспий» 14 турдың 11-інде ұтқан. Ақтаулықтардан кейін тұрған «Ертіс», «Шахтер», «Алтай» командалары 9 реттен жеңіске жеткен. Премьер-лигадан үмітіміз болса осы командаларды жеңіп, бірінші лигада



2008 жылы «Тараз» бірінші лигаға түсіп қалған кезде осы Ұланның үздік ойынының арқасында команда қайта премьер-лигаға оралған болатын. Сондықтан Ұланның алдында осы ерлікті енді ойыншы емес, спорттық директор ретінде қайталау мақсаты тұр.

Енді «Тараздың» бірінші лигадағы бүгінгі жағдайына келсек, іш қынжылады. Премьер-лигаға өтпек түгілі, бірінші лиганың алдыңғы бестігінен көріну қиынға соғуда.

Команда жана маусымның алғашқы ойынында түркістандық «Жетісай» командасынан 1:2 есебімен жеңіліп қалды. Кезінде ел біріншілігінің кубогын төбесінде көтерген «Тараз» үшін аудан деңгейіндегі командадан ұтылып қалу — ұятты іс. Жанкүйерлердің осы реніші команда ойыншыларын қамшылады ма «Тараз» келесі екі ойында жеңіске жетіп, төртінші орынға тұрақтаған. Алайда бұдан кейін «Таразға» көз тиді ма, әлде сөз тиді ма белгісіз, әйтеуір қайта кежегесі кейін тартты. Атап айтсақ, «Каспий», «Ақтауға» 1:2, «Түркістанға» 0:1 есебімен есе жіберді. Содан соң «СД Фэмили» және «Хан тенгри» клубтарымен 1:1 есебімен тең ойнап, өз алаңымызда Павлодардың «Ертісіне» 0:1

сәтті ойнауымыз керек. Әзірге ондай сәттіліктің төбесі де көрінер емес.

Қазір «Тараз» бірінші лигада екінші айналымын бастап жатыр. Енді 12 тур ойнайды. Сол 12 ойында жағдайымызды едәуір түзей аламыз ба? Біздің алдымызда тұрған «Экибастуз», «Хан тенгри» командаларының жерлестерімізден 2 ұпайы ғана артық. Ал бесінші орында тұрған «Қайрат-Жастар» командасының 10 ұпайы басым. Бесінші орындағы командаға жету үшін бізге қатарынан 4 жеңіс керек. Осындай жетістікке жете аламыз ба? Оны енді алдағы ойындар көрсетеді.

Айтпақшы, клубка жана басшы тағайындалғаннан кейін Облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов «Тараздың» бапкерлер мен ойыншылар құрамымен кездесіп, билік тарапынан қажетті қолдаудың барлығы болатынын айтып жігерлендірген. Өз кезегінде жаттықтырушылар мен ойыншылар келесі жылы премьер-лигада доп тебіміз деп уәдені үйіп-төккен.

Әзірге бұл уәде күйі қалуда. Әйтеуір, маусым соңында премьер-лига былай тұрсын, бірінші лигада қалу арманға айналып, бармақ тістеп жүрмесек болғаны...

9 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

Зейнет жасындағы ақсақалдың жалғыз өзі мындаған шақырымды артқа тастап келе жатқанын қызық көретіндер де, оған аландап қарайтындар да бар. Біз де Жұмабай атаның жағдайын біліп, сапары туралы қызықты есту үшін хабарласқанымызда, қазір Семей қаласында екенін айтты. Ақтөбеден басталған велошеру бір айға жалғасып, ақсақал аялдаған қарт Семей қаласында мәреге жетті.

— Бұл жолғы велошеруім 30 маусымда басталды. Ақтөбеден шыққаннан кейін алдымдағы киелі жерлердің көбіне аялдадым. Ырғыз қаласының негізі қаланғанына да 180 жыл толады. Ырғыз, Торғай сияқты өңірлерден аттап өте алмадым. Өйткені ол жерлер — Ыбырай Алтынсариннің табаны тиген жер. Одан Амангелді ауылы, Аркалыққа аялдап, пойызбен Қостанайға жетіп алдым. Петропавлда, Сергеевка қаласында болдым. Кейін Көкшетау мен Астана халқының қошеметіне бөленіп, олардың қолдауымен Қарағандыға жеттім, — деді Жұмабай ата.

Жезқазған, Ұлытау, Сәтбаев қалаларында болып, Павлодар маңына бағыт алған ақсақал Курчатова арқылы Семейге жеткенін айтты. Осылайша, 3 тамызда Өскеменге Қалбатау арқылы екінші күні жеткен. Мұнда облыстық Ардагерлер кеңесімен жолығып, Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Семей облыстық спорт басқармасында болғанын маркая айтып берді. Сөйтіп, 8 шілде күні Абай



АЛЫС ЖОЛДЫҢ АРДАГЕРІ

Еліміздің 100-ден аса елді мекенін велосипедпен жүріп өткен зейнеткер Жұмабай Отарғалиев өткен айда 71 жасқа толды. Өзі — теміржол саласының ардагері. Алғашқы сапарын 2017 жылы бастаған велошабандоз ата бұл дәстүрінен биыл да айнымаған. Кейіпкеріміздің айтуынша, биылғы велосаяхаты Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналады.



ауданындағы Қарауылға келіп, ұлы ақынның 180 жылдығына арналған мерейтойлардың куәсі болады.

Зейнеткер велошабандоздың серігі — 49 мың теңгеге сатып алған қарапайым велосипеді. Алғашқы сапары Шалқардан Ақтөбеге дейінгі бағытты қамтып, 4-5 күнге созылған екен. Содан бері әр сапары — жастарға үлгі, елге өнеге. Жұмабай ата сапарын жыл сайын кәнігі спортшылар сияқты еліміздегі айтулы шараларға арнап отырады. Мәселен, өткен жылдардағы жетістіктері — Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына, Астана қаласының 25 жылдығына, Шу — Мойынты шойын жолының 70 жылдығына арналған велосапар

болса, былтыр Орынбор — Ташкент теміржолының 120 жылдығы мен Хромтау — Алтынсарин теміржолының 20 жылдығы, Әйтеке бидің 380 жылдығы мен Ақтөбе қаласының 155 жылдық мерейтойына арнап сапарға шыққан болатын. Ол Ақтөбе вокзалынан шығып, Хромтау, Әйтеке би, Бершүгір стансаларынан өтіп, Шалқар арқылы Қызылордаға бет алды. Әрі қарай Түркістан, Сарыағаш стансаларымен Өзбекстанға жетті. Одан кейін биыл мамыр айында Ұлы жеңістің 80 жылдығына арналған велошеруін орындады.

күнгі арманым еді. Әсіресе, велосипедпен аралап, әр өңірге аялдап, көркем жерлерді көзбен көргім келді. Саяхатқа шығу үшін көп дайындалған жоқпын. Онсыз да күн сайын велосипедпен жүремін. Ауа райы әрдайым қалыпты бола бермейді, бірақ бұл менің сапарымның қуанышын бұзбайды, керісінше шынықтырады. Өрқашан ардагерлер кеңесінің мүшелерімен байланыста отырамын, — дейді ақсақал.

Қол қусырып, құс жастыққа бас қойып тынығуды құптамайтын ақсақал зейнетке шыққан шақта сергек жүру үшін көне қиялына ерік беріп, велосипед сатып алады. Алғашқы сапары сәтті өткен соң елдің түкпір-түкпірін аралауға біржола бел буады. Содан бері велосипедпен саяхаттауды өмірінің бір бөлшегіне айналдырды.

— Үйде құр отыру менің табиғатыма жат. Бір жерге жол тартып, жаңа әсер алуға, тын нәрселерді тануға құмармын. Спорт — өмірімнің ажырамас бөлігі, ол күш-қуат беріп қана қоймай, ғұмырды да ұзартатынына сенемін. Жастау кезімде волейбол ойнап, теміржолшылар командасымен республикалық додаларда бақ сынадым. Енді, міне саяхатқа қызығып жүрмін. Шын мәнінде, кәдірін білгенге бұл да бір керемет спорт қой, — деп сөзін түйді Жұмабай ата.

Айтпақшы, бұл сапар — велошабандоздың Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арнаған алғашқы сапары емес. Яғни, Жұмабай ата жыл басында сәуір айында Абай ауылына велошеру ұйымдастырған. Мақсаты — Семей қаласынан ақын туралы құнды естелік болған кітапты Ақтөбе облысының Абай ауылы тұрғындарына табыстап, ақынның рухына тағзым етіп, оның өшпес мұрасын дәріптеу болды. Мәреге жеткен кезде Жұмабай ақсақал сол ауылдағы Абай Құнанбайұлы ескерткішінің жанында оқушылармен кездесіп, кітапты мектеп ұжымына табыстады. Оқушыларға табандылығымен үлгі болған саяхатшы мамандық таңдау жөнінде де кәсіби бағдар берді.

Алдағы уақытта Жұмабай ата Қазақстанның өзге де өңірлерін аралауды көздеп отыр. Айтуынша, әр сапар оған елдің тарихы мен мәдениетін тереңірек тануға мүмкіндік беріп, өз кезегінде жастарға өнеге көрсетуді мақсат етеді.

**AIQYN**

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4627
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,